**БҮГІНДЕ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ АЛДЫНДА ЖАҢА ЖҰМЫС МОДЕЛІНЕ КӨШУ СИЯҚТЫ АСА АУҚЫМДЫ МІНДЕТ ТҰР, ОЛ ҮШІН ЖОСПАРЛАРҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛІП, ТЕМІРЖОЛ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЕДӘУІР ТИІМДІ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ**

Дәурен БИМОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының жүк қозғалысы жөніндегі орынбасары – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№14-15 (2622-2623)
30/03/2021


## Алғашқы нәтиже: 44 МЛН ТЕҢГЕ ҮНЕМ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Ақтөбедегі пойыздар қозғалысын басқару орталығы экономикалық тиімділігін көрсете бастады. Ақпан айының өзінде ұлттық компания бюджеті 44 млн теңгеге үнемделді. Жаңа экономикалық жағдайда теміржол көлігі жұмысының тиімділігін арттыру және автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу тасымалдау үрдісі мен оны бақылау жұмысын қауіпсіз ете түсті.**



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Пойыздар қозғалысын тиімді басқаруға негізделген пилоттық жоба Қазақстанда алғаш рет енгізіліп, ол Ақтөбеде жүзеге асты. Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Ақтөбе шекарасында орналасқан теміржол учаскелерін бір орталықтан басқару жұмысы бүгінде толық жолға қойылған. Батыс өңірі бойынша 30 теміржол учаскесі өткен жылы 24 торап болып біріктірілсе, 16 ақпанда тағы бір учаске ықшамдалып, 23 торап жұмыс жасап тұр. Орталық штатында барлығы 250 маман жұмыс істейді. Оның 120-сы пойыз диспетчері.

Тарихи жобаның сәтті ұйымдастырылуына үлес қосқан Ақтөбедегі Пойыздар қозғалысын басқару орталығының басшысы Амантай Жайлығұлов диспетчерлердің жағдайы мен орталықтың бүгінгі жұмысы мен жетістігін паш етті.

«Цифрлы технологияның ең тиімді тұсы – экономия. Қашықтықта жүру бойынша ақпан айының өзінде 44 млн теңге экономия болды. Тепловоз аз тұрған соң жанармайға да шығын аз. Сонымен қатар, тепловоздардың жүрісі заманға сай жүйеленді. Аз тұрып, көп жұмыс жасау саясаты жолға қойылды», – дейді Амантай Жайлығұлов.

Пойыздар қозғалысын басқару орталығы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ цифрлық трансформациясы аясындағы басты жобаларының бірі. Ол оптикалық-талшықты байланыс желісі арқылы теміржол станцияларының құрылғыларын ұзақ қашықтықтан басқаруға мүмкіндік беретін, магистральдық желі учаскелерін микропроцессорлардағы диспетчерлендірудің қазіргі заманғы жүйесімен жабуды қарастырып, теміржол байланысы орталық пункттерінің аналогты көлемді жабдығын қазіргі заманғы цифрлық жабдыққа ауыстыруға мүмкіндік береді.

«Ақпараттық технологиялар жұмыс тиімділігін арттырып, өндірістік және басқару үрдістерін оңтайландырды. Цифрландыру мүмкіндіктері жұмыс барысында көрініп жатыр. Автоматтандырудың арқасында жалпы жолдағы ситуация, әр станциядағы жағдай осы орталыққа бірден келеді. Орталықтың тағы бір мүмкіндігі – участоктар ұзартылды. Тоқтау аз, жүру көп. Мәселен, бұрын Жемнен Қандыағашқа дейін барып, Қандыағашта 40 минут тоқтап, тепловоз бригадасы ауысып, Ақтөбеге дейін жүретін еді. Қазір бірден Ақтөбе станциясына келеді. Тепловоздар 15 минуттан артық тұрмайды», – дейді А. Жайлығұлов.

Басшылық диспетчерлер жұмысын тиянақты деп бағалады. Диспетчерлер күндіз 12 сағат, ертеңіне түнге 12 сағатқа келіп, шыққан соң 48 сағат демалады. Және апта сайын техникалық сабақтарға қатысады. Қазір участок жұмысына байланысты диспетерлерді категорияға бөлу жұмыстары қаралып жатыр. Қосылған участоктер бірінші категорияға кетеді. Басшылықтың айтуынша, бұл сұрақтар сәуір айында шешілуі мүмкін.

«Цифрлық трансформация» арқылы бес облыстағы пойыздар қозғалысын бақылау орталығы интернетке тәуелді емес. Сондықтан қауіпсіздік мәселесі оңтайлы шешілген.

*Суретті түсірген автор*

### ЕДИНЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ

**Повышение эффективности подготовки специалистов для работы в международной транспортно-логистической отрасли обсудили в ходе телемоста «Будущее Шелкового пути: единое образовательное пространство от Китая до Европы».**

В мероприятии приняли участие директор по управлению персоналом АО «НК «ҚТЖ» Тамила Микулич, представители крупных международных логистических компаний, вузов, а также студенты.

Участники телемоста отмечали, что вырабатывание у студентов транспортных вузов гибких навыков (soft skills) необходимо для развития новой транспортной системы Шелкового пути.

– Уже много сделано, но еще больше вопросов предстоит решить, чтобы совместными усилиями реализовать потенциал железнодорожной индустрии и создать единое транспортное пространство от Китая до Европы, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Навык коммуникации и способность действовать и находить решения в ситуациях неопределенности считает необходимым Тамила Микулич.

– На рынке Казахстана есть достаточное количество экспертов с большим опытом, знаниями и навыками технического инженерного образования. С точки зрения HR мы считаем, что в этих же сотрудниках необходимо «прокачивать» soft skills. И что самое важное – развивать видение железных дорог как коммерческой организации, понимание о необходимости окупаемости, прибыльности, эффективности, производительности, – отметила она в своем выступлении.

Во время телемоста участникам представили новый проект ОТЛК ЕРА – цифровую платформу транспортно-логистического центра карьеры. Она станет площадкой для профессиональной коммуникации в отрасли на международном уровне и упростит процесс осуществления обменов и стажировок для работодателей, студентов и выпускников из стран Европы, Азии и СНГ.

Регистрироваться на платформе могут студенты и работодатели как из стран Европы и СНГ, так и из Китая.

*Роман ЛЮБИМОВ, Нур-Султан*

## ХРОНИКА

**Канат КОБЕСОВ,**
первый заместитель генерального директора ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки»:



«КАЧЕСТВЕННЫЙ РЕМОНТ ТЯГОВОГО ПОДВИЖНОГО СОСТАВА НАПРЯМУЮ ВЛИЯЕТ НА БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ И ВО МНОГОМ ОПРЕДЕЛЯЕТ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЛОКОМОТИВНОГО ПАРКА. МЫ СТАВИМ ПЕРЕД СОБОЙ ЗАДАЧУ СНИЗИТЬ ВРЕМЯ НАХОЖДЕНИЯ ЛОКОМОТИВОВ НА ПЛАНОВЫХ ВИДАХ РЕМОНТА»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫНДА МДК АРҚЫЛЫ БЫЛТЫР
**303817 КМ**
ЖОЛ ТЕКСЕРІЛДІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның
**40**
ЖУЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ БОЙЫНША ІШКІ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ ОҚУЫН БІТІРІП, САБАҚ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛДЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУШЫЛАР ОДАҒЫНА ҚАРАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАР БЫЛТЫР
**1 ТРЛН 800 МЛРД**
ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІН ШЫҒАРҒАН



## ИЗМЕНЕНИЯ – НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗВИТИЯ

**25 марта 2021 года АО «НК «ҚТЖ» и Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан договорились об объединении усилий и инструментов для обеспечения социальной стабильности.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

Известно, что в целях обеспечения финансовой устойчивости и повышения операционной эффективности деятельности в АО «НК «ҚТЖ» реализуются проекты по совершенствованию операционной модели управления и организационной структуры, автоматизации бизнес-процессов, выводу непрофильных видов деятельности в конкурентную среду. В результате чего, наряду с получаемыми выгодами, в компании возникают непродуктивные рабочие места, подлежащие оптимизации.

Данная работа активно ведется с 2018 года. При этом АО «НК «ҚТЖ» особое внимание уделяет работе с высвобождаемым персоналом. Так, утверждена Программа по социально ответственному высвобождению персонала, согласованная с профсоюзом. В рамках этой Программы создано структурное подразделение по работе с высвобождаемым персоналом, обеспечивающее системный и унифицированный подход. В каждом проекте работникам может быть предложено несколько вариантов: трудоустройство внутри группы компаний, при необходимости с переобучением за счет компании, ранний выход на пенсию (если применимо) и получение компенсации. А в случае реализации мероприятий по выводу непрофильных видов деятельности обязательным условием для поставщиков является принятие в штат задействованных работников с сохранением заработной платы. Индивидуальный подход к каждому работнику обеспечивают специально создаваемые комиссии в рамках проектов с привлечением представителей профсоюза.

В декабре прошлого года был заключен Меморандум о сотрудничестве между Министерством труда и социальной защиты населения РК и АО «НК «ҚТЖ». В рамках реализации Меморандума 25 марта проведена встреча с министром труда и социальной защиты населения РК. По итогам встречи подписан порядок взаимодействия, объединяющий инструменты компании для высвобождаемых работников с мерами государственной поддержки занятости.

Благодаря совместным усилиям, у высвобождаемых работников компании появились дополнительные возможности – обучение на востребованные профессии на рынке труда и трудоустройство к сторонним работодателям; получение поддержки при переезде; обучение предпринимательским навыкам и открытие собственного дела и другие.

Согласно подписанному порядку взаимодействия, будут созданы проектный офис на центральном уровне и рабочие группы на региональном уровне для реализации совместных мер и мониторинга работы с высвобождаемым персоналом.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы», «ТЭК – ҚАЗАҚСТАН» ЖШС кәсіпорындары мен «Транстелеком» АҚ өкілдері елордалық локомотив пайдалану депосына арнайы барып, локомотивтерге рейс алдында техникалық қызмет көрсету қалай жүргізілетінін көрді.**

Бұл іс-шараның басты мақсаты – локомотивтерді жабдықтау процесінің қаншалықты автоматтандырылғанын бағалау, жанармай құю кезінде дизель отынын ұрлаудың ықтимал алғышарттарын жою болатын.

– Темір жол шығыстарының ең үлкен бабын, яғни ауқымды көлемін тартымдық жылжымалы құрамдар тұтынатын отын мен электр энергиясына арналған шығындар құрайды. Трансформациялау бағдарламасының шеңберінде іске асырылып жатқан 10 жобаның бірі осы шығындарды азайтуға бағытталған. Локомотивтерді жабдықтау процесін бақылау және автоматтандыру – энергия жинақтау мен үнемдеуге жасалған негізгі қадам, өйткені бұл процесс адам факторының араласуын болдырмайды», – деп атап өтті «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Қанат Көбесов.

«ТЭК – ҚАЗАҚСТАН» ЖШС тарапынан орнатылған жабдық тепловоз багына құйылып жатқан отынды автоматты түрде есепке алады. Бұл компания локомотивтерді дизельді отынмен жабдықтау, яғни сақтау, төгу-құю және толтыру бойынша қызмет түрлерін көрсетеді.

Тепловозда отынды мақсатсыз жұмсау фактілерін анықтауға «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі мүмкіндік береді. Энергияны үнемдеу бойынша бұл жобаны «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен жүйені әзірлеуші «Транстелеком» АҚ бірлесіп іске асыруда. Бұл жүйенің арқасында пойыздардың тартымына кететін отын-энергетикалық ресурстардың шығынын есепке алу автоматтандырылған.

*Сұлугүл БАКЕСОВА*

№14-15 (2622-2623) 30/03/2021

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІК БЕРІЛДІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ІНДЕТ

**Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде филиал директоры Сиязбек Әлішевтің төрағалығымен теміржол қызметі саласында сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу бойынша арнайы жиын өтті. Оған барлық станциялар мен желі бойындағы мекемелер басшылары қатысты.**



Басқосуға сонымен қатар Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ШҚО бойынша департаментінің бас маманы Гүлнар Бекбаева арнайы қатысты. Алдымен сөз алған Сиязбек Әліпбайұлы 2021-2022 жылдар бойынша жемқорлықпен күрес жүргізудің іс-шаралары және сыбайластық фактілерінің алдын алу бойынша «Жол картасы» жөнінде сөз қозғады. Бөлімше басшысы ескерту-алдын алу шаралары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басым бағыттарының бірі болып табылатынын атап өтті. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ бірлесіп теміржол тасымалы кезіндегі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою бойынша «Жол картасын» әзірлегенін, соған орай аталмыш тарапта қазіргі таңда бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатқанын, соның ішінде, бірінші кезекте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүк және жолаушылар тасымалы саласында болдырмауға күш салынуда екенін жеткізді.

Қазіргі күндері нақтыланғандай, заңсыз іс-әрекеттер жол жүру билеттерінің жасанды тапшылығынан, вагондарды жеткізу мерзімдерінің созылуынан, тауарлық-материалдық жүктерді заңсыз тасымалдаудан туындауы мүмкін. Осындай келеңсіздіктерге жол бермеу бойынша қолға алынған кешенді іс-шараларға тоқталған бөлімше басшысы сөз кезегін қонаққа берді.

Гүлнар Айтқұрманқызы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларға тоқталып өтіп, заңнамадағы өзгерістер жайында айтып берді. Мәселен, мекеме басшысының қол астындағы қызметкерлері жемқорлық қылмысын жасаса, бірінші басшы орнынан кете ме, әлде тәртіптік жауапкершілікке тартыла ма деген сауал төңірегінде ой өрбітті. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша хабарлаған адамдарға сыйақы беру мәселесіне тоқталып, биылғы жылы мұндай сыйлық көлемі 12 млн теңгеге дейін ұлғайғанын, хабарлаған адамның құпиялылығы сақталатынын жеткізді. Бұл орайда тәулік бойы қоңырау қабылдайтын 14/24 қауырт желісі жұмыс істеп тұрғанын да айтып өтіп, егер де жемқорлықпен, пара талап етумен бетпе-бет келген теміржолшы болса, міндетті түрде хабарласуын өтінді.

– Сол тәрізді осыған дейін мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғаларға 2 АЕК көрсеткішке дейін сыйлық алуға рұқсат берілсе, өткен жылдан бастап бұл шешім күшін толықтай жойды. Яғни, кез келген сыйлық параға жатқызылады, – деді өз сөзінде Гүлнар Бекбаева.

Жиын барысында, сонымен қатар, аталмыш тақырып аясында теміржолшылар тарапынан сұрақтар да қойылып, бас маманнан тұшымды жауаптар алынды. Атап айтсақ, құқық қорғау органдары тарапынан жасалынатын жемқорлықпен байланысты арандатушылық әрекеттер, пара беруге итермелеу, т.б. жайлы кең көлемде сөз болды.

*Суретті түсірген автор*

# ЕҢ БАСТЫ ЕМТИХАН

КӨКТЕМГІ БАЙҚАУ

**Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде көктемгі комиссиялық тексеру жұмыстары басталды. Тексеріс барысында әдеттегідей қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білім-біліктілігі де жіті қаралады.**

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



«Комиссия мамандарымен қамтылған тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылуда. Байқау ең әуелі 496-402 разъезд аралығы, Мақат-Құлсары, Сағыз-Мақат телімдерінен басталып, Теңдік және Ақжайық станциялары, Ганюшкино-Д.Нұрпейісова телімі бойынша жүргізіледі. Ганюшкино-Исатай, Исатай-Қызылжар телімдеріндегі жол, сигнализация, энергиямен қамту дистанциялары, вагон, локомотив деполары, т.б. қаралады. Содан кейін Махамбет, Атырау станцияларына тоқтап, сол жерлерде талқылау жұмыстары да жүргізіледі», – дейді Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бас инженері Бауыржан Картан.

Былтырғы көктемде елдегі карантинге байланысты көктемгі комиссиялық тексеру мекемелердің өз күштерімен, әр құрылым басшылығының басқаруымен өз ішінде өткен болатын. Енді жылдағыдай арнайы комиссия шығарылып отыр. Жалпы, биылғы жылдың үш айында пойыз және маневрлік жұмыстарда өңірде өндірістік жарақат алу болған жоқ. Бөлімшеде пайдаланым көрсеткіштерін орындау бойынша нәтижелер жақсы деңгейде келе жатыр. Көктемгі тексеріс кезінде станциялардың техникалық жағдайы, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылғылардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралуда. Жалпы алғанда, қазіргі уақытта қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, жұмысшылардың тәртібі қанағаттанарлық. Жолды және бағыттамалы бұрмаларды күтіп-ұстау бағытындағы кемшіліктер кесірінен пойыздар жүруге тыйым салу және маневрлік жұмыстар жасау үшін жолды жабу мен жол жөндеу жұмыстарына орай жылдамдықты шектеу оқиғалары орын алған жайттар, сигнализация және байланыс дистанциялары бойынша электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеруді, жүргізу және жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Электрмен жабдықтау дистанцияларының кей жерлерде жарықтандыру мәселесінің төмендігі белгілі болды. «Былтырғы күзгі тексеріс барысында болған станцияларға тән кемшіліктерді биыл қайта қарап жатырмыз. Негізінен алғанда, темір жол торабында болған келеңсіз жағдайлар тіркеле бермейді, станция қызметкерлері тарапынан нұсқаулықтар дұрыс жүргізілмей, кейбірінде радиобайланыс жеткіліксіз болып қалады.

Станцияларда кезекшілер жаңа нұсқаулықпен жұмыс жасауға біртіндеп көшуде, білім жетілдіру, жүк қабылдап-жөнелту бойынша ескертпелер болды. Вокзалдар мен жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты барлық разъезд ғимараттарын әктеп-сырлауға, айналаны таза ұстауға көңіл бөлу қажеттігі де ескертілуде. Ал, толықтай көрініс тексеріс қорытындысында белгілі болады» дейді Атырау бөлімшесінің бас инженері.

*Суретті түсірген автор*

## Айлық

# ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ – ҮШ АЙ

**Түбек теміржолшылары үш ай бойына жалғасқан «Кәсіби білімді арттыру» айлығы аясында білімін жетілдіріп, мамандыққа шеберлігін шыңдады. Қаңтар айында басталған айлық жақында мәреге жетті.**

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Жаңа жыл келісімен қолға алынған бұл шараның басты мақсаты еліміздегі теміржолдарда өткен жылы болған оқыс жағдайларға қайта жол бермеу, осы бағытта сала қызметкерлерінің біліктілігін көтеруді көздейді. Айлық жарияланысымен алдын ала жасалған жоспарға сай маңғыстаулықтар іске кірісті. Бірінші айда Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Бейнеу, Опорная, Шетпе, Өзен, Жетібай, Маңғыстау станцияларында, локомотив пайдалану және вагон деполарында техникалық және тәжірибелік сабақтар өткізілді. Оған машинист және олардың көмекшілері, вагон қараушылар, пойыз құрастырушылар сияқты басқа да қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей жауапты мамандар қатысты. Білімді дамытуға арналған «науқан» барысында жалпы 1209 теміржолшы қамтылды. Оның ішінде ДСП-224, ДСПП-5, ДСПГ-5, РСДВ-16 және 95 пойыз құрастырушы, 12 сигналист, 324 вагон қараушы, 15 ТҚКП операторы, 513 ТЧЭ-6 қызметкері бар. Оларға, жүк тасымалы бөлімшесі қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бастығы оқыту шеберімен бірге 2 рет, қозғалыс ревизоры 3 рет, вагон шаруашылығы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры 4 рет, локомотив шаруашылығы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры 5 рет техникалық сабақ жүргізді. Мұндай біліктілікті дамытуға бағытталған техсабақты филиалдың бас инженері де жүргізді. Ол өз сабағын станция қызметкерлері мен локомотив және вагон деполарында жүргізді. Сонымен қатар теміржолшылар «ютуб» арнасын да қолданды. Каналға тақырып бойынша практикалық сабақтар орналастырып, теміржолшыларға кез келген уақытта қажет ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін ұсынды.

– Ағымдағы жыл басталысымен компаниямыздың тасымалдау процесін ұйымдастыру бойынша Бас директоры орынбасарының телеграфтық нұсқауына сәйкес Маңғыстау бөлімшесінде осы айлық жарияланды. Ол елдегі жағдайға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жүргізілді. Бұл іс-шара аясында біз кездейсоқ жағдайларда теміржолшылардың нұсқаулыққа сәйкес дұрыс әрекет ету дағдысын арттырып, соған сай білімін жетілдіруге және өткен жылы теміржолда болған оқиғалар мен түрлі бұзушылықтардың шығу себебін талдап, содан қорытынды шығаруға күш салдық. Айлық өз жемісін беріп, еңбегіміз нәтижесін береді деген үміттеміз, – дейді Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов.

*Суретті түсірген автор*

# ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛАДЫ

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

**Былтырғы қыркүйек айында «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамы Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа облыс орталығындағы теміржол вокзалының бас ғимаратын алдағы уақытта күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жоспарын ұсынған болатын. Міне, сәуірде жөндеу жұмыстары басталады деп күтілуде.**




Асхат РАЙҚҰЛ,
Тараз

Айта кетерлігі, теміржол вокзалы 1986 жылы салынған. Аумағы 2,5 мың шаршы метрден асатын вокзал ғимаратына соңғы рет күрделі жөндеу жұмыстары 2013 жылы жүргізіліпті. Биыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас ғимараттың қасбетін, ішкі жайларын және жолаушылар терминалын қайта жаңартуды жоспарлап отыр.

Сол кезде компания өкілдері Бердібек Сапарбаевқа әзірленген күрделі жөндеу жобасын таныстырған еді. Онда бірінші кезекте жолаушылардың жағдайын жасау мәселесіне назар аударылған. «Вокзалдың іші өте тар, оны кеңейту керек. Бұл мәселені шешу үшін бізде түрлі нұсқалар қарастырылған», – деген «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденов.

Өңір басшысы жобаны мақұлдап, вокзалға келушілер үшін барынша қолайлы жағдай жасау қажеттігін қолдаған. «Қыста вокзал ғимараты қатты суық болады. Терезе жақтауларын қаптап, жылу жүйесін ауыстыру қажет. Сонымен қатар, нысанның инженерлік желілері де ауыстыруды қажет етеді», – деп атап өткен аймақ басшысы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өкілдері бұл бағытта да тиісті жұмыстар жүргізілетіндігіне сендірген. Алдағы жөндеуді жоспарлау кезінде мамандар су құбыры, кәріз және жылу жүйелеріндегі мәселелер мен ақауларды анықтаған. Қоғамдық дәретханадағы сантехника да ауыстырылмақ. Бұл шығындардың барлығы жобалық-сметалық құнына енгізілген болатын. Жолаушылар платформалары мен вокзал маңындағы аумақтар да ретке келтірілмек болған.

Бүгінгі таңда теміржол вокзалының құрылысына байланысты мемлекеттік сатып алу өтіп, жеңімпаз компания анықталды. Бұл туралы Тараз теміржол вокзалы бастығының шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары Бейбіт Садықбеков айтып берді. Алайда, осы шаруаға байланысты жалған ақпараттар тарап үлгергенін алға тартқан ол нысанның жөндеу жұмыстарына 130 миллион теңгенің шамасында ғана қаражат қаралғанын жеткізді.

«Рас, жаңа жобаға сәйкес, вокзал маңындағы артық дүңгіршектер алынып, билет кассалары вокзал ғимаратының қалаға қараған жағына орнатылады. Қарама-қарсы жағында тек перронға қарайтын витраждар болады. Сонымен қатар ғимараттың қасбетін де жаңарту жоспарлануда. Қаптауға арналған тиісті материалдар таңдалып, заманауи дизайн үлгісі әзірленген. Сондай-ақ жолаушылар терминалы, қонақ үй, асхана орналасқан екінші қабаттағы үй-жайлар да жөндеуден өтеді», – деді теміржол вокзалының өкілі.

Ол, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу порталына вокзалдың құрылысы үшін қойылған қаражаттың бастапқы сомасы ҚҚС-сыз 238 миллион теңгеге жуықтайтынын айтты. Тендерге қатысуға 34 компания білдірген, ал сатып алуға 26 компания қатысыпты. Нәтижесінде 130 миллион теңгеден астам қаражатқа вокзал ғимаратын жөндеуді «Энергетика-құрылыс-Шымкент» ЖШС мойнына алған. «Осы аптада келісім-шарт құжаттарына қол қою жұмыстары аяқталады. Сәуірден бастап құрылыс жұмыстары басталады деп жоспарлап отырмыз. Жөндеуден өткен, жаңғырған вокзал жылдың соңында пайдалануға беріледі. Оған дейінгі вокзал жұмысын қалай үйлестіретініміз нақты шешімін тапқан жоқ. Бұл туралы әлі де кеңесіп, ақылдасатын боламыз», – деп атап өтті Бейбіт Садықбеков.

Осы бағыттағы жұмыстарды пысықтау мақсатында Тараз қаласының әкімі Ержан Жылқыбаев теміржол вокзалының жұмысымен танысып, қызметкерлермен және жолаушылармен әңгімелесті. Бірқатар мәселелерді анықтаған қала әкімі жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеп, бұл мәселелерді жөндеу жұмыстарын күтпей, тез арада орындауды тапсырды. Құрылыс жұмыстары Тараз қаласы әкімдігінің бақылауында болады.

«Теміржол вокзалы – қаланың басты қақпасы, мұнда Тараздың бет-бейнесі мен тарихи маңызын айшықтап тұратын ақпараттық-көрнекілік құралдар іліну қажет. Бей-берекет сауда орындарына тыйым салып, заманауи қызмет көрсететін нысандар ашылуы тиіс. Шаһарға келген әрбір туристке қажетті ақпараттар анықтамалығы болу керек. Аталған міндеттер жөндеу жұмыстарын күтпей, тез арада орындалсын», – деген қала әкімі жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берді.

Мамандардың сөзінше, теміржол вокзалын жөндеуден өткен соң, Тараз қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне беру мәселесі де қарастырылып жатқан көрінеді.

*Суретті түсірген автор*

№14-15 (2622-2623) 30/03/2021

## Контейнеризация

# В ТРЕНДАХ – ТЕХНОЛОГИИ

**Контейнеризация позволит Казахстану увеличить объемы транзитных и экспортных перевозок до 4,1 миллиона ДФЭ.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Об этом говорилось во время онлайн-заседания подкомитета по транспортной логистике Комитета логистики и перевозок президиума НПП РК «Атамекен».

Вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Берик Камалиев в своем приветственном слове сообщил, что из-за пандемии общий объем перевозок снизился на 5,7%, уменьшился грузооборот. Вместе с тем, увеличились объемы транзитных грузов, контейнеров.

Рост контейнерных транзитных перевозок в 2020 году составил 32%, проинформировал президент АО «KTZ Express» Дмитрий Абдуллаев.

– По всем направлениям транзитных коридоров ведется контроль. Большим подспорьем стала отмена таможенного досмотра на стыковых станциях Достык и Алтынколь, эта мера положительно повлияла на рост транзитного потока, – сказал он.

В прошлом году АО «KTZ Express» начало проект по контейнеризации на Карагандинском заводе ферросплавов. Вначале это была перевозка 2-3 контейнеров на фитинговой платформе в направлении казахстанских морских портов, сейчас среднемесячный объем этих перевозок составляет 150-200 контейнеров.

Говоря о существующих проблемах, председатель подкомитета по транспортной логистике Ерхат Искалиев отметил, что сейчас показатель контейнеризации не превышает 2-3%.

– Разработка программы контейнеризации позволит улучшить этот показатель, – считает он.

На заседании прозвучало, что совместно с бизнесом сформирована книга проблем контейнеризации и создан перечень пилотных проектов, которые могут стать драйверами контейнеризации в промышленной логистике.

Учитывая нехватку контейнеров, АО «НК «ҚТЖ» проведена определенная работа по предоставлению скидок на перевозку порожних контейнеров по территории Казахстана и Средней Азии.

Управляющий партнер Arthur D. Little Александр Ованесов отметил, что контейнерные перевозки – очень перспективный и быстро растущий сегмент рынка. Темпы роста глобальных контейнерных перевозок многократно превышают темпы роста мировой экономики и торговли.

По его мнению, контейнеризация позволила бы Казахстану увеличить объемы транзитных и экспортных перевозок до 4,1 миллиона TEU, сократить транспортную составляющую в экономике страны примерно на 4%.

– При разработке Программы контейнеризации РК крайне важно определить возможную емкость рынка, сценарии развития, роль ҚТЖ как системообразующего игрока на рынке и государства, – сказал Александр Ованесов.

В свою очередь, председатель научного экспертного совета ИИИ транспорта Эдуард Каплан сообщил, что согласно исследованиям трендов в логистике, основные – это цифровизация, онлайн-обслуживание, логистический аутсорсинг.

В Казахстане все больше промышленных предприятий склоняется к тому, чтобы комплексно закупать логистические услуги у компаний уровня 4 PL. Эволюция на рынке логистических услуг привела к тому, что тяжелые активы – терминалы, подвижной состав, железнодорожные вагоны, автомобили – будут всегда в цене, но все большее значение приобретают легкие активы – люди, IT-технологии.

– Цифровизация позволит решить застарелые проблемы отрасли – дефицит вагонов, локомотивов, долгая выгрузка, погрузка, отсутствие центра управления всей логистической цепочкой и другие, – считает Эдуард Каплан.

# ДАН СТАРТ РЕМОНТУ ПУТИ

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

**Работники Алматинского отделения магистральной сети приступили к капитальному ремонту пути протяженностью 23,5 километра перегона Жайпак – разъезд 13 с укладкой новой рельсошпальной решетки с упругим скреплением на железобетонных шпалах и сменой инвентарных рельс на длинномерные рельсовые плети.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Своевременный ремонт железнодорожного пути, безусловно, обеспечит более длительный срок службы всех элементов рельсовых скреплений и рельсошпальной решетки в целом. Данный вид путевых работ является сложным, так как текущий ремонт в основном производится без перерыва в движении поездов, а при обнаружении неисправности выполняется в кратчайшие сроки. Здесь же было предоставлено технологическое окно, и все работы выполнялись согласно требованиям безопасности и охраны труда. Капитальный ремонт производится с применением машин тяжелого типа (РМ-2002, СЗ-1, высокопроизводительными путевыми машинами ДМ, ДГС, ПБР и других механизмов. Вся путевая техника прошла контрольно-технический осмотр, а бригады, обслуживающие эти путевые машины специальную подготовку.

Перед работой с путевыми машинами монтеры пути были проинструктированы по требованиям безопасности выполняемых работ.



Капитальный ремонт пути выполнялся силами ПМС Уштобе. Ответственный за выполнение технологического процесса работ в окно – ПМС Жетыген.

Надо отметить, что работы производились на однопутном не электрифицированном участке, оборудованном автоматической блокировкой ЦАБ, имеющем кривые участки. На основных работах было занято 23 механика и машиниста и 45 монтеров пути, также участвовали все смежные службы: ПЧ-43 Бесколь, ШЧ-31 Актогай, ЭЦ-20 Уштобе, ДС Актогай, ВЧД-26 Достык, ПМС Жетыген.

Строго поэтапно проводились все работы. Производилась укладка новой рельсошпальной решетки, щебеночного балласта, смена инвентарных рельс на длинномерные плети, сбор инвентарных рельс выполнялся краном УК-25/18. А срезка и планировка основной площадки земляного полотна выполнялась тракторами и автогрейдером. Новые звенья доставляли на перегон путеукладочным поездом, дозировка пути на щебеночный балласт производилась с применением хоппер-дозаторов. Работы в окно выполнялись поточным способом в темпе ведущей машины-путеукладчика УК-25/18.

– Приоритетной задачей Алматинского отделения магистральной сети является повышение надежности пути и снижение количества отказов технических средств. Безусловно, обновленный путь будет устойчив к воздействию низких и высоких температур, позволит значительно повысить безопасность движения поездов, увеличить скорость и улучшить плавность хода, – говорит заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев.

*Фото автора*

# ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ КОДЕКС НА ВООРУЖЕНИЕ

СЕМИНАР

**Специалисты служб производственной безопасности и экологии ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» со всех регионов Казахстана приняли участие в онлайн-семинаре по экологической безопасности на тему «Нормы и требования нового Экологического кодекса РК, подписанного Главой государства 2 января 2021 года». В новом документе приняты меры по недопущению негативного воздействия на окружающую среду.**

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**
Нур-Султан

– Новый Экологический кодекс предусматривает принцип «загрязнитель платит». В связи с этим увеличены административные санкции за сверхнормативные эмиссии в окружающую среду, ужесточены санкции за экологические нарушения. Это огромный стимул для повышения уровня экологической безопасности железнодорожных перевозок и сохранения природных систем, – сказал главный менеджер департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ» Сагат Кабиев.

На железной дороге реализуются мероприятия по снижению негативного воздействия на окружающую среду. Главная цель этой работы – обеспечение экологической безопасности и забота о здоровье людей.

Для реализации указанных подходов в компании на 2021 год запланированы мероприятия по приведению объектов в соответствие законодательным требованиям по экологии РК, ликвидации загрязнений. Приоритет при этом отдается «зеленым технологиям», а также формированию экологической культуры среди железнодорожников.

В частности, запланированы экологические акции «Посади дерево», «Бірге – Таза теміржол», «Сбереги природу – сдай батарейку» и эко-час «Охрана окружающей среды».

В ходе семинара железнодорожники обсудили вопросы организации внутреннего контроля и повышения ответственности за нарушения экологических требований.

Во всем мире железнодорожный транспорт считается одним из экологически чистых за счет широкого применения электрической тяги, которая исключает выбросы вредных веществ в атмосферу и снижает загрязнение почвы тяжелыми металлами.

– Экологическая культура должна стать неотъемлемой частью всех производственных процессов. Мы обязаны не только выполнить в полном объеме все запланированные мероприятия, но и реализовать дополнительные действенные меры в этом направлении, – подчеркнул директор департамента производственной безопасности и экологии ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Берик Истлеев.

Напомним, кодекс вступит в силу 1 июля 2021 года.

# УЧИТЬСЯ КАРЬЕРНОЙ ГРАМОТНОСТИ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

ОБУЧЕНИЕ

**По традиции, ежегодно для всех желающих Корпоративный университет «Самрук-Қазына», в рамка проекта единой онлайн-платформы рекрутинга группы компаний АО «Самрук-Қазына» проводит карьерный интенсив Samruk Qyzmet.**

Тема 2021 года – «Как строить карьеру и выстроить коммуникации в эпоху цифровизации?». Во время данного бесплатного интенсива слушатели получат полезные в современном мире знания. Например, узнать о том, какие карьерные возможности есть в группе компаний АО «Самрук-Қазына», что делать для профессионального развития после 30 лет, как эффективней искать работу в интернете, какие навыки и компетенции будут востребованы в будущем.

Обо всем все этом будут рассказывать компетентные специалисты – лучшие эксперты в области развития карьеры и рекрутеры. Интенсив стартует 29 марта текущего года и продлится до 2 апреля.

Для того чтобы пройти обучение, нужно пройти регистрацию на сайте www.qsamruk.kz. При этом обязательно правильно заполнить поля «ФИО» и «e-mail».



# УСТОЙЧИВАЯ ОПОРА ЭКОНОМИКИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

ПЕРЕВОЗКИ

**Очередной состав контейнерных вагонов отправился со станции Житикара направлением на Альшанькоу.**

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения ГП Кенес Дюсекеев, со станции Житикара отправились 40 платформ, всего 44 контейнера, груженые асбестом. Станция назначения – Достык и далее на Альшанькоу. Грузоотправитель – АО «Костанайские минералы», грузополучатель – VRUMQI LIRENAN INTERNATIONAL TRADE LIMITED COMPANY. Собственник вагонов – АО «Кедентранссервис», а собственник контейнеров – компания Container is property of «Xian Zhonglian Haitong International Freight forwarding Co. Ltd.»

– Данный рейс – еще один шаг как к увеличению объемов контейнерных перевозок из нашего региона, – говорит Кенес Дюсекеев. – Так и все более возрастающий вклад в экономику региона благодаря железнодорожным перевозкам. Пандемия не стала помехой для железнодорожных перевозок, напротив, железная дорога в очередной раз доказала, что является одной из краеугольных и самых устойчивых основ экономики всей страны. И растущие объемы контейнерных перевозок – тому подтверждение.

*Фото автора*

# ДВИЖЕНИЕ НЕ НАРУШИТСЯ

**Надежда НОВИЦКАЯ,**
Кокшетау

ПАВОДОК

**В Акмолинском отделении ГП формируется четыре противоразмывных поезда – на станциях Жана-Есиль, Кокшетау, Нур-Султан, Атбасар.**

– На сегодняшний день в рамках мероприятий по водоборьбе и подготовки инфраструктуры к предстоящему пропуску паводковых вод полным ходом идет погрузка вагонов на территории дистанции пути инертными материалами, бутовым камнем, цементом, пиломатериалами, шпалами и прочим инвентарем, – сообщил начальник оперативно-распорядительного отдела отделения Расул Буратаев

В центре внимания находятся объекты, представляющие потенциальную угрозу для железной дороги, а их около 50. Это естественные и искусственные водоемы, места большого скопления воды.

Кроме того, планируется работа по промеру русел рек, таких как Есиль, Жабай, Колутон. Ведется работа по расчистке и вывозу снега вдоль путей. В первую очередь очищаются водоотводные канавы и лотки на станциях, специализированные бригады заблаговременно приступили к работе по вскрытию и очистке от снега всех искусственных сооружений (мостов, труб), очистке кюветов, нагорных и водоотводных канав от снега и льда, чтобы не допустить скопления воды у железнодорожных путей.

Организованы уборка и вывоз снега со станций, для чего задействовано около 5-6 снегоуборочных машин ежесуточно. В локомотивных депо проводится инструктаж с локомотивными бригадами по действиям в случае обнаружения размывов пути и скопления воды.

№14-15 (2622-2623) 30/03/2021



# ІШКІ НАРЫҚТЫҢ ЖАҢА СЕГМЕНТІН ИГЕРУГЕ МҮДДЕЛІ

САРАПТАМА

**Қазақстан экономикасының көкжиегін кеңейтуде көлік саласының, соның ішінде жүк тасымалының басым бөлігін жүзеге асыратын теміржол көлігі қызметінің маңызы зор. Ал тонна-тонна жүктер мен сан мыңдаған жолаушыны діттеген жеріне жеткізіп, вагондардың жол бойы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, жылдамдығын арттыруда локомотивтердің ерекше рөл атқаратыны анық.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Кеңес одағының ыдырауы қазақ теміржолының алдына жаңа сын-тегеуріндер қойды. Локомотивтерді дайындайтын кеңестік зауыттар көрші елдер аумағында орналасқандықтан, қазақстандық теміржолшылар алдында тартымдық жылжымалы құрамды жаңарту мәселесінде орасан зор қиындықтар туындады. Ел үкіметі бұл тығырықтан шығудың бір ғана жолы отандық локомотив құрастыру зауытын салу деп шешті. Бірінші кезекте жекеменшік тасымалдаушыларды есепке ала отырып, ішкі нарықты қамтамасыз ету міндеті тұрды. Темір жол саласын жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеу, аумақтың ауқымды ауданы, құрлықішілік, қатал климат, темір жол магистральдарының ұзындығы, қала берді Балтық жағалауы және ТМД елдерінің тартымдық жылжымалы құрам паркінің ескіруі, осының барлығы сайып келгенде, Қазақстан Республикасында жаңа өндірістік саланы құруға алғышарт болды.

2006 жылы Қазақстан темір жолы жаңа белеске қадам басты. Осы жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың АҚШ-қа іссапары кезінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен General Electric Transportation (қазіргі Wabtec Corporation) компаниясы арасында «Evolution®» сериялы локомотивтер өндірісінің технологиясын Қазақстанға беру туралы келісім жасалды. Локомотив құрастыру зауытының құрылысы Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде іске асырылды. Бағдарламада теміржол машинасын жасау – машина жасаудың басым саласы ретінде қарастырылып, ал локомотив құрастыру зауытын салу жөніндегі жоба өнімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған кәсіпорын ретінде айқындалды.

2013 жылдың мамырына дейін бір ғана акционер «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымы болып келген «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ ТМД және Балтық елдері аумағында американдық компанияның, яғни қазіргі Wabtec Corporation лицензиясы бойынша бесінші буынды жүк және жолаушы, сонымен қатар маневрлік тепловоз өндірісін жүзеге асыратын және эксклюзивті сатылымға шығаратын бірегей қазақстандық машина жасау кәсіпорны болып табылады.

2009 жылдың 7 желтоқсаны зауыт тарихында атаулы күн болып белгіленді. Бұл күні зауыттың конвейерлік желісінен елімізде құрастырылған алғашқы «Evolution®» сериялы ТЭ33А тепловозы шықты.

Содан бері он бір жылдан астам уақыт өтті. 2021 жылдың ақпан айының соңында қазақстандық зауыттың конвейерінен 378 тепловоз шықса, оның 356 бірлігін жүк, 20-сын жолаушы және 2-уін маневрлік тепловоз құрап отыр. Зауыт отандық машина жасаудың көшбасшысы ретінде танылып, соңғы үш жылда бюджетке 12,2 млрд теңге мөлшерінде салық аударымдарын жасады.

Бүгінде жас болса да қанатын қатайтып үлгерген кәсіпорынның алдында өте өршіл және күрделі міндеттер тұр. Жыл сайын локомотивтерді шығару жоспары мен өндіріс желісі өсіп келеді. 2020 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ техникалық тапсырмасына сәйкес ТЭМ11А жаңа буынды маневрлік тепловоздың алғашқы 2 прототипі әзірленді, әрі қарай сериялық өндіріс сертификаттық сынақтардан өткеннен кейін жалғасатын болады. Зауыттың жобалық қуатына келсек, ол жылына 100 жүк магистральдық локомотивті құрайды. ЛҚЗ-ның басқа локомотив жасау зауыттарынан артықшылығы, жұмыс процесі металды пішуден, барлық ірі металл конструкцияларын иіп және қалыптастырудан басталып, құрастырып шығару және сынақтың 19 түрін өткізумен аяқталып, өндірістің толық циклын жүргізеді, бұл тепловоздың салмағында немесе атаулар санында шамамен 70%-ды құрайды.

Бұл жетістіктерге «ЛҚЗ» АҚ басшылығы өз акционерлерімен бірлесе, жыл сайын жергілікті қамтуды және отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үлесін айқындау әдістемесін жетілдіру бағытындағы іскерлік саясатының нәтижесінде қол жеткізді. Әлбетте, жаңа локомотивтерді шығару, заманауи және күрделі жабдықтарды пайдалану жоғары білікті персоналды қажет етеді. Осы ретте, зауытта кәсіби инженерлік-техникалық қызметкерлер мен басқарушылардан құралған қуатты ұжым қалыптасқанын атар едік. Зауыт базасында заманауи бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған және кешенді инженерлік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін Конструкторлық-технологиялық департамент жұмыс істейді. Бұл бөлімде тәжірибе мен жаңа заманауи шешімдер біріктірілген.

> **2021 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕКЕ ТАСЫМАЛДАУ КОМПАНИЯЛАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖОЛДАРҒА ШЫҒУ МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛДЫ, БҰЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ЛҚЗ-ҒА ІШКІ НАРЫҚТЫҢ ЖАҢА СЕГМЕНТІН ИГЕРУГЕ ҮМІТ БЕРЕДІ. ЛОКОМОТИВТЕР СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ТАУАР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНДЫҒЫН ЕСКЕРСЕК, ӨЗГЕ ЕЛДЕРДЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ТАҢДАУДА, ТІПТІ ОЛ ЖЕКЕ КОМПАНИЯЛАР БОЛСА ДА, ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ БАР.**

«Іс тетігін кадрлар шешеді» демекші, адами капиталды дамыту – зауыт басшылығы ұстанған басым қағидалардың бірі. Айталық, 2008 жылдан бастап 25 инженер АҚШ, Мексика, Австралиядағы General Electric Transportation компаниясының зауыттарында шетелдік тағылымдамадан өтсе, жұмысшы мамандықтарының кадрлары үнемі біліктіліктерін арттырып, оны растап келеді. Бүгінде зауытта 613 адам еңбек ететді, соның 490-ын өндірістік персонал құрайды. Жыл сайын зауытта техникалық мамандық бойынша оқып жатқан студенттер өндірістік тәжірибеден өтеді.

«ЛҚЗ» АҚ-да әлеуметтік мәселелерді шешу оңтайлы жолға қойылған, қызметкерлермен ұжымдық шарт жасалған. Шартта қарастырылған еңбек жағдайлары Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі тарапынан еленіп, «Үздік ұжымдық шарт» ретінде атап көрсетілді. Ұжымдық шарттың жағдайы мен саясаты әрбір қызметкерді қолдауға бағытталғанын және де аталған құжат лайықты өмір сүру құқығына кепілдік беретін белгілі бір әлеуметтік, экономикалық және заңдық проблемаларды шешудің жиынтығы болып отыр. Яғни, ұжымдық шартта қарастырылған басты мәселелер қатарында: қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мүмкіндігі; жұмыскерлерді түскі аспен қамтамасыз ету; спорт (абонементтерді төлеу немесе спорт мекемелерін жалға алу); әлеуметтік-мәдени іс-шаралар (санаторийлерге, балалар лагерлеріне жолдамалар төлеу); қызметкерлерді жұмысқа және үйге тасымалдау; жылына бір рет темір жол билеттерін төлеу; жатақхана беру; қолжетімді пәтер жалдау; жұмыскерлердің кәсіби өміріне ықпал еткен жұмыс қаупі немесе қайғылы жағдаймен, немесе басқалай жағдаймен (мысалы, өндірістік жарақат, баланың туылуы, туысының жоғалуы) байланысты кезеңде материалдық қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

Бүгінде кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарының бірі – экспорт болып табылады. Қазақстандық локомотивтің әлеуетті сатып алушылары ретінде «1520 жолтабан кеңістігінің» темір жол әкімшіліктері мен барлық жеке операторларын атай аламыз. ТЭ33А тепловозының техникалық сипаттамалары, оның қуаты, пайдалану кезіндегі үнемділігі, тағысын тағы сипаттары халықаралық экологиялық стандарттар үдесінен шығып отыр. Қазақстандық тепловоздар Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Украина, Әзербайжан және Молдова елдерінде қолданылуда.

Зауыт өнімдері Қазақстан темір жолы саласының отандық локомотивтерге қызмет көрсету инфрақұрылымын дамытып, тәжірибе жинақтап, өнім сапасын жақсартуға, сондай-ақ әлеуетті тапсырыс берушілерді қаржыландыру құралдарымен қамтамасыз етуге ықпал етті.

«2021 жылдан бастап қазақстандық жеке тасымалдау компаниялары мемлекеттік магистральдық жолдарға шығу мүмкіндігіне ие болды, бұл өз кезегінде ЛҚЗ-ға ішкі нарықтың жаңа сегментін игеруге үміт береді. Локомотивтер стратегиялық мақсаттағы тауар болып табылатындығын ескерсек, өзге елдерде жылжымалы құрамды таңдауда, тіпті ол жеке компаниялар болса да, отандық өнімге басымдық беру тәжірибесі бар. Осыған байланысты тепловоздардың түрлі серияларын пайдалануды болдырмау, қазақстандық өндірістің локомотивтерімен жабдықталған жөндеу кәсіпорындарының инфрақұрылымын барынша пайдалану, жұмыс орындарын сақтау және елден ақша қаражатының кетуіне жол бермеу үшін біз акционерлер мен бірге Қазақстан Үкіметімен отандық өндірушілерді қолдау тетігін пысықтау бойынша келіссөздер жүргізудеміз», – дейді «ЛҚЗ» АҚ басшысы Марат Тілеубаев.

Үкімет қолдау көрсеткен жағдайда өндірістік қуаттарды жүктеу мүмкіндігі туып, бұл қосымша жұмыс орындарын ашуға алып келеді. Қазіргі пандемия кезінде отандық өндірушілерді қолдау өте маңызды, өйткені бұл жұмыспен қамтуды сақтау мен экономикалық өсудің басты критерийлерінің бірі болып табылады.

*Суретті түсірген автор*

## САҚТЫҚ ҚАЖЕТ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ДЕНСАУЛЫҚ

**Ақтөбеде теміржол мен көліктегі санитарлық сала қызметкерлері бас қосқан жиында COVID-19 індетіне қарсы вакцинациялаудың маңызы сөз болды.**




ҚР ДСМ СЭБК КСЭБК Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы РММ басшысы Жақсыкелді Өтесейітов теміржол мекемесінің өкілдеріне індетпен бірге күресудің тиімділігін ескертіп, сақтық шараларын қатаң сақтауды сұрады. Әлемде тараған қауіпті індет салдары түсіндіріліп, теміржолшыларға жолаушылар үшін сақтық шараларын бірнеше есе күшейтуді, тазалықты жоғары деңгейде ұстау қажеттігі айтылды.

«Елімізде вакцина алу жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын білесіздер. Қазақстан үкіметі вакцинация жұмыстары үшін 50 млрд теңге қаржы бөлді. Мұның бәрі халық денсаулығы үшін. Індет әлі тоқтаған жоқ. Сондықтан теміржолшылар жеке басына, жолаушыларға қатысты сақтық шараларын күшейтіп, арақашықтықты ескеру керек. Біз үш міндетті талап етеміз: бетперде кию, адам шоғырланатын жерге бармау, тазалық гигиенасы. Әсіресе жолсеріктерге қатаң ескерту қажет», – деген Жақсыкелді Өтесейітов, сонымен қатар қазір әр мекеме үшін жемқорлықпен күрес жұмыстары да өзекті тақырыпқа айналғанын, бұл індетпен де біріге күресудің маңыздылығына тоқталды.

«Басқармаға түсетін барлық құжаттар, хаттар «бір терезе» қағидаты арқылы басқарманың кеңсесі арқылы қабылданады. Дайын құжаттарды беру де осылай жүзеге асырылады. Бұл жердегі мақсат – орындаушылармен өтініш берушілердің арасындағы байланысты болдырмау. Басқарманың лауазымды тұлғаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында азаматтардың құқығының бұзушылығы жөніндегі заңсыз іс-әрекеттеріне қатысты арыздар мен шағымдар бойынша жұмыс жасайтын комиссия құрылған», – деді басқарманың әкімшілік-құқықтық жұмыс және цифрландыру бөлімінің басшысы А.Шаранова.

Мамандар құжат тапсыру және алу тәртібінде сақ болу ескертілді. Вокзалдар мен мекемелерде орналасқан сенім жәшіктері аптасына үш рет жиналып, ондағы өтініш пен шағымдарға қатысты шара қолдану, жауапсыз қалдырмау жағы қозғалды. Жемқорлық та коронавирустан кем емес жұқпалы індет екенін ескертті.

*Суретті түсірген автор*

## МАҚАТТАҒЫ МАСҚАРА...

**Еділ ЕРМЕК,**
Атырау

ҚЫЛМЫС

**Қазіргі уақытта металл сынықтарын қабылдайтын орындар қалада да, ауылда да жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Олардың әкелген темірдің қайдан шыққанын сұрамасы да анық. Соны білетін ұрылар қайдан болса да темір ұрлап, әлгіндей орындарға өткізеді.**



Сондай масқара оқиға Мақат станциясында орын алды. Станцияның бойында орналасқан теміржолдан 124 дана рельс төсеніші мен 496 дана оларды бекітуге арналған арнайы шегелер ұрланған. Мақат станциясының желілік полиция қызметкерлерінің жедел іздестіру шараларының нәтижесінде Т. есімді жергілікті тұрғын ұсталды. «Қылмыскерлер мұндай іс-әрекетке пайдакүнемдік мақсатпен баратындығы мәлім. Металл сынықтарын қабылдау орындарына тапсырады, ал оның қоғамға келер зардабын ойламайды. Қайшыдай қиып өтетін темір жол аймағы аса қауіпті болғандықтан жолға төселетін қосалқы құралдарды ұрлау жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалысына орасан зор қауіп келтіреді. Сондықтан пойыздар көздеген бағытына қауіпсіз жетуі, жүк және жолаушы пойыздарының қауіпсіздігі үшін мұндай теріс іс-әрекетке барғандар жазасыз қалмауы керек», – дейді Мақат теміржол станциясы полиция бөлімшесінің бастығы Ернұр Құлманов.

Орын алған жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігі «Бөтеннің мүлкін ұрлау» бойынша қылмыстық іс қозғалды. Бас пайдасы үшін аса қауіпті теміржол мүлкіне қол сұғып, қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретіндер, шынында да, қатаң жазаланса, өзгелерге сабақ болары анық.

*Суретті түсірген автор*

№14-15 (2622-2623) 30/03/2021




# НА ОДНОЙ ВОЛНЕ

**Председатель профсоюзной организации ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» Рустам Сабитов не просто обладает стандартным набором лидерских качеств, таких, как харизма, коммуникативность, умение ставить и достигать цели, но и, действуя в интересах работников, вселяет в них веру и надежду на лучшие перспективы. И неудивительно, что он закрепил за собой славу грамотного профсоюзного лидера.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

От профсоюзного работника в современном обществе требуются деловая инициатива, трудовая активность и компетентность в различных вопросах экономики, социологии и юриспруденции. У Рустама Сабитова этого не отнять.

Первичная профсоюзная организация ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» работает продуктивно, отстаивая интересы трудящихся. По роду своей деятельности Рустаму приходится давать разъяснения по вопросам Коллективного договора, где все пункты заслушиваются на профсоюзном активе, при этом постоянно в поле зрения – вопросы трудового законодательства, охраны труда, увольнения, перемещения и другие.

Так, в январе 2021 года в процессе ведения переговоров с администрацией Товарищества был подписан Коллективный договор на 2021-2023 годы. Что примечательно, Рустаму удалось добиться хороших результатов в переговорах с администрацией: повысить уровень единовременных базовых выплат по рождению, включить раздел социальной гарантии пенсионерам и многое другое. В документ внесен новый пункт в соответствии с эпидемиологической обстановкой в стране о дистанционной (удаленной) работе путем заключения дополнительного соглашения с работником.

Вместе с тем, хотелось бы отметить, что председателем профсоюзной организации принято участие в 50 заседаниях дисциплинарной комиссии, в которых отстаивались права работников Товарищества. Благодаря совместным действиям профсоюзного комитета и администрации смягчались налагаемые дисциплинарные взыскания и за работниками сохранялись рабочие места. Необходимо также отметить, что традиционно к главному празднику страны – Дню независимости – дисциплинарные взыскания снимаются всем без исключения провинившимся работникам. Это говорит о хорошем контакте и деловой атмосфере между профсоюзом и администрацией, сложившихся в Товариществе. По мнению председателя профсоюзного комитета Рустама Сабитова, каждый руководитель заинтересован, чтобы коллектив трудился слаженно и эффективно, и задача профкома – улучшить условия труда, создать благоприятный климат в коллективе, снять в случае необходимости социальную напряженность, а значит, уметь вести четкий аргументированный диалог с работодателем и при этом находить убедительные доводы в защиту интересов работников.

При непосредственном участии Рустама Сабитова, по его ходатайству удалось добиться повышения заработной платы от 10 до 20% штатным работникам Товарищества, тогда как указанное повышение уровня зависело от нескольких условий, прописанных в Правилах оплаты труда, в частности, повышение заработной платы было возможно при условии достижения определенного стажа работы. Первичкой активно проводится работа по моральному стимулированию работников. Постоянно отмечается деятельность активных членов профсоюзной организации Товарищества, которые награждаются благодарственными письмами и грамотами.

Стоит отметить и тот факт, что благодаря совместной работе профсоюзного комитета и администрации были выделены твердые бытовые отходы (дрова) для нужд работников, имеющих печное отопление, более 30 работников получили учетные карточки на получение дров.

Свою трудовую деятельность Рустам начал с должности главного специалиста департамента экономики филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети», где активно занялся общественной работой, связанной с профсоюзной деятельностью. Занимался организацией спортивно-массовых мероприятий, возглавлял всем известную и единственную на тот момент отраслевую команду КВН. Надо сказать, что Рустам Жупарбекович весьма разносторонняя личность. Он принимал активное участие в разработке Программы молодежной политики АО «НК «ҚТЖ» на 2012-2015 годы, занимался координацией, мониторингом и контролем работы информационной площадки «Система 4И – Информационный инкубатор инновационных идей», имеет большой опыт в организации и проведении молодежных форумов, корпоративных и спортивных мероприятий, в том числе



с участием международных делегаций железнодорожных администраций стран СНГ и дальнего зарубежья.

Являлся спикером конкурса «Сенім-2012» по защите проекта «Инновационные HR-инструменты: «Система 4И» в рамках VIII международной конференции «Управление человеческими ресурсами: HR-тренды III тысячелетия», где проект был удостоен звания «Лучший HR-проект» 3 степени.

Рустам активно занимается спортом. Имеет разряд по армрестлингу.

Работать с людьми и для людей совсем не просто. Но профсоюзная первичная организация ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» строит свои отношения с коллективом на сугубо доверительной основе. И надо сказать, весьма успешно.

Глядя на подтянутого, всегда энергичного и целеустремленного Рустама можно уверенно утверждать, что именно таким и должен быть профсоюзный лидер, который нашел струну доверия в коллективе, работает с душой, повышая имидж своего предприятия.

*Фото автора*



**В эти весенние дни коллектив Уральского эксплуатационного вагонного депо поздравил начальника техотдела Валерия Перепелкина с юбилеем – ему исполнилось 60 лет. Почти 40 лет он служит железной дороге, ни разу не изменив родному депо.**

## Большой юбилей Валерия Перепелкина

Валерий Анатольевич родился в Уральске в 1961 году. Мама работала начальником дистанции лесозащитных насаждений, отец – водителем ОРС Уральского отделения дороги. В 1983-м, после окончания Западно-Казахстанского сельхозинститута (ныне ЗКАТУ им. Жангир хана) по специальности «инженер-механик», сразу после военных сборов молодой лейтенант запаса устроился в вагонное депо бригадиром цеха по ремонту оборудования. Через 6 лет он уже возглавлял производственно-технический отдел ВЧД.

Помимо производства, Перепелкин вел активную общественную работу, был членом партбюро вагонного депо, входил в комитет народного контроля при Промышленном райкоме партии города Уральска. А в 1995 году коллектив избрал его освобожденным председателем профкома. В те годы на плечи профкомов кроме организации праздников и распределения путевок в детские лагеря отдыха и санаторно-курортное лечение, ложились огромные задачи по снабжению работников необходимыми продуктами питания, защите их трудовых прав.

Кто помнит 90-е годы, тот знает, насколько все было непросто. Например, работники ВЧД сажали картошку в районе станции Ростоши. Есть припасы на зиму – семьи будут сыты. Для вспашки земли нанимали трактор К-700, полив обеспечивали электронасосы, но веерные отключения ломали график. Своими силами вагонники собрали дизельную станцию, и вопрос с поливом был снят. Для новогодних подарков детям ездили за конфетами и мандаринами в Москву, помогали подшефному детскому саду. Десять лет Валерий Анатольевич был на профсоюзной работе, с 2000 по 2005-й – неосвобожденным председателем профкома.

С 2005 года вновь возглавляет техотдел. Его авторитет непререкаем, к нему тянется молодежь, он охотно передает свой опыт. Между прочим, Валерий Анатольевич очень любит стихи. Сам не пишет, но знает их очень много и прекрасно декламирует. Вместе с супругой вырастили достойного сына, помня свое счастливое детство, старается больше проводить время с внуком.

Более 30 лет свой день рождения Валерий Анатольевич отмечает в родном коллективе. Пожалуй, впервые празднование Наурыза и юбилея прошло нетрадиционно – пандемия внесла свои коррективы на целый год жизни.

– В ВЧД сплоченный коллектив, нет текучки кадров, мы заботимся о своих ветеранах, молодежь у нас крепкая, немало трудовых династий, – говорит юбиляр. – Обычно все праздники отмечали дружно, на Наурыз проводились конкурсы праздничных блюд, музыкальных номеров, спортивные соревнования, на привокзальной площади ставили юрту, угощали горожан наурыз-коже и баурсаками. В этом году область оказалась в «красной зоне», и все массовые мероприятия запрещены.

– И все же это очень красивый и добрый праздник, он несет прилив сил и ожидание расцвета, – убежден железнодорожник. – В наших местах нередко на Наурыз идет снег, но все равно чувствуется наступление весны. Желаю своим коллегам, землякам и всем казахстанцам крепкого здоровья, мира и согласия!

А коллектив ВЧД сердечно поздравляет Валерия Анатольевича с большим юбилеем. Говорят, родившийся в Наурыз отмечен высшими силами, и это точно можно применить к ветерану депо, уважаемому наставнику, настоящему другу и патриоту своей Родины.

*Анна МАРЬИНА, Уральск*
*Фото автора*

# В ЖИЗНИ БОЛЬШЕ ПОЗИТИВА

**Карагандинский регион славится женщинами-труженицами в железнодорожной сфере, которые своим нелегким трудом прославляют нашу страну. Одна из них – приемосдатчик груза и багажа на станции Жана Караганды Оксана Медведева.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Родители женщины до наступления пенсионного возраста посвятили себя железной дороге. Мама – Зинаида Григорьевна трудилась дежурной по станции и диспетчером, а папа – Владимир Иванович – машинистом. Своим примером они вдохновили дочь на продолжение семейной династии. После окончания школы Оксана поступила в училище и получила специальность проводника дальнего следования, затем она вышла замуж и родила дочь.

– Сейчас Ане 23 года. Еще в детстве врачи поставили ей неутешительный диагноз: ДЦП. До 8 лет я сидела с дочкой дома и занималась с ней. Чтобы Аня не чувствовала себя ущемленной из-за физиологических особенностей, мы ее определили в школу-интернат для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата, где с ней занимаются преданные своему делу педагоги и оказывается забота и поддержка со стороны персонала, – рассказывает Оксана Медведева.

Несмотря на сложные перипетии, которые уготовила женщине судьба, она не унывает и показывает пример стойкости и мужества своему окружению. По мнению коллег, с Оксаны Медведевой нужно брать пример и у нее есть чему поучиться.

В должности приемосдатчика груза и багажа Оксана трудится шестнадцатый год. За это время она научилась тщательно осматривать груженые



вагоны, чтобы они полностью соответствовали документации – накладной с вагонным листом и в ходе осмотра осуществлять сверку. Работа требует внимания и сосредоточенности. Со своими обязанностями она справляется отлично. А после работы Оксана спешит домой, где ее с нетерпением ожидают самые родные люди. Как только у женщины выпадают свободные дни, она становится у плиты и балует своих домочадцев фирменными блюдами, которые научилась готовить в тот период, когда ухаживала за Аней.

Как и у всех людей, у нашей героини есть мечта – отправиться вместе с дочкой в Крым, чтобы познакомиться с его историей и культурой, и, конечно же, искупаться в море.

Жизненное кредо Оксаны: никогда не опускать руки и двигаться вперед, преодолевая препятствия.

– Жизнь – сложная штука и порой непредсказуемая. Она полна неожиданностей. На мой взгляд, зацикливаться на них не стоит, так как на смену плохим обстоятельствам обязательно приходят хорошие, и от этой закономерности не уйти, – резюмирует Оксана Медведева.

*Фото автора*

# ҚЫРАҒЫЛЫҚ – КӘСІБІ

**Айсұлтан АРМАН,**
Маңғыстау

МАЙТАЛМАН

**Маңғыстау станциясында қырағы вагон қараушылар ақау табудан алдарына жан салмайды десек болғандай. 14 қаңтар күні күндізгі жұмыс ауысымында станциядағы №6 жолда №2712 жүк пойызына техникалық қызмет көрсету барысында жүк вагонынан ақау тапқан Мырзакелді Сарсенғалиев – солардың бірі.**



Вагон қараушы-жөндеуші Мырзакелді Сарсенғалиев №70505011(27) вагоны автотіркегіш корпусы үлкен тіс бұрышынан ұзындығы 45 мм жарықшаны тапты. Вагон дереу ағымдағы жөндеу тұйығына ағытылып, қажет қызмет көрсетілді. Ал 16 ақпанда вагон қараушы-жөндеуші Жәнібек Исанов бесінші жолда №2822 пойызына техникалық қызмет көрсету кезінде №58005604 вагонында КВЗ-И2 модельді арбашықтың дәнекерленген вертикальді планк бетінде 220 мм жарықшақты, екінші арбашықтың үшінші доңғалақ жұбынан полиомидті сеператорының сынғанын көреді.

– Күндізгі уақыт болғандықтан ақауды табу онша қиындық туғызбады. Вагон доңғалағының полиомидті сеператоры сынғандықтан бірнеше бөлшекке бөлініп кетіпті. Ішінен сынған бөлшектер шықты. Вагонға тағы да мұқият зер салсам, өзге де ақауы бар екен. Бүйірлік рамасынан да жарықшақ кездесті. Екеуі де бір вагонда. Мұндай кемшіліктермен вагонның жүруі өте қауіпті болатын, – дейді вагон шаруашылығында 15 жылдық тәжірибесі бар Жәнібек Исанов. Ол – бұған дейін де бірнеше қауіпті ақауды тауып, «Қозғалыс қауіпсіздігі» төсбелгісімен марапатталған вагон қараушы.

Маңғыстау станциясында мұнан соң тағы бір факт наурыз айының басында тіркелді. 2 наурыз күні №3472 жүк пойызына техникалық қызмет көрсету барысында вагон қараушы-жөндеуші Мақсат Дүйсенбаев №60939725 (20) вагонынан екінші арба, төртінші доңғалақ жұбының сол жақ дискісінен жарықты анықтады. Жарықтың көлемі – 210-225 мм. Ақау кешкі ауысымда, сағат жергілікті уақыт бойынша 23:30-да анықталған. Иә, мұндай кәсіби мамандар барда қауіпсіздік сенімді қолда деп айтуға болады.

– Мұндай ақаулар көп жағдайда дөңгелек дискісінің сынып, соның салдарынан жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне соқтыруы мүмкін. Ол өз кезегінде пойыздар қозғалысына қауіп төндіреді. Егер біздің вагон қараушымыз дер кезі көрмегенде салдары не болары белгісіз еді. Сондықтан бұл жерде вагон қараушыларымыздың өз жұмысына ұқыптылықпен қарап, тиянақты атқаратынын ерекше атап өткім келеді. Өйткені түнгі уақытта ондай жарықты табу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл ақауды анықтаған Мақсат Дүйсенбаев – 9 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы. Ол өз жұмысын 2012 жылы Сай-Өтес станциясында бастаған. Маңғыстау станциясындағы ТҚКП-не 2017 жылы ауысып келген, жалпы Маңғыстаудағы қосында кіл кәсібилер жұмыс істейді, – дейді Маңғыстау станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктінің бастығы Ерболат Сәулебаев.

*Суретті түсірген автор*



# ТАРИХИ АТАУЫН ТАПҚАН БЕКЕТ

ЖӘДІГЕР

**Луговой станциясының Түрксіб атауын иемденуі өткен жылдағы ең бір елеулі тарихи оқиға болды. Ұлы құрылыс бастау алған бекеттің әрбір ғимараты – тарихи жәдігер. Сонау 1927 жылы салынған вокзал сол күйі мызғымай тұр.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл

Вокзал бастығы Данияр Райқұловтың айтуынша, әр бес-алты жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп тұрады екен. «Былтыр ғана кем-кетігімізді түгендеп, қисық-қиғашымызды түзеп алған едік. Қазір вокзал жақсы жағдайда. Жалпы аумағы бір гектардан асады. Ал ғимараттың ауданы 760 шаршы метрді құрайды», – дейді Данияр Бекмұратұлы.

Вокзал жергілікті он шақты азаматты жұмыспен қамтып отыр. Олардың төртеуі вокзал бастығының кезекші-көмекшісі болса, қалғандары түрлі техникалық-кассалық қызметтерді атқарады.

«Былтыр күшіне мінген пандемиялық карантин кезінде вокзал іші қаңырап қалып еді. Әлі де халықаралық пойыздар жоқ, тек елішілік пойыздарға қызмет көрсетеміз. Негізі, Түрксіб станциясы телімдік станциялар қатарына жатады әрі шекаралық болып саналады. Өйткені, оңтүстік-шығысымыз Қырғыз елімен шектесіп жатыр. Жоғары қарай Алматы бағыты жол тартады. Солтүстік-батысымызда Ақтау, Атырау, Орал қалаларына апаратын жол түскен», – дейді вокзал бастығының кезекші-көмекшісі Гүлбану Серікбайқызы.

Данияр Райқұлов карантиндік режимнің салдарынан жолаушылар тасымалында біршама өзгерістер барын айтты. Мәселен, қалыпты кезеңде бұл станциядан пойыздарға тәулігіне 200-ден 300-ге дейін адам отыратын болса, бүгінде бұл көрсеткіш 150-200 жолаушыға дейін қысқарған көрінеді. «Сәйкесінше, бұрындары жұп күндері біздің вокзалдан тәулігіне 28-30 пойызға дейін өтетін. Ал қазір 20-21 пойыз өтіп жүр. Тақ күндері де өтетін пойыздар 25-27-ден 18-19-ға дейін кеміді», – деп атап өтті ол.

Айтуынша, шағын ұжым карантин режимінің күшейген кезінде де қашықтан жұмыс істеуге көшпеген. Барлық санитарлық талаптарды қатаң сақтап жұмыс істегендіктен болар, ешкім дерт жұқтырып ауырмаған. Вокзал бастығы сөз арасында бекеттің кіреберісіне тексеру қондырғысы керек екенін жеткізді. Өйткені, тоғыз жолдың торабындағы вокзалға кіріп-шығушылар көп-ақ. Бұл қондырғы түрлі қауіп-қатердің алдын алар еді дейді.

Вокзалда тәжірибелі мамандар көп. Мәселен, вокзал бастығының тағы бір кезекші-көмекшісі Райхан Әбдірәметова қырық жылдан бері осы бекетте жолаушыларға қызмет етіп келеді екен. «Қазір қатарымызға жастар да қосылып жатыр. Ілгеріде көп шаруаны қолмен атқаратын едік. Қазір көбісі автоматтандырылған. Бұған, әлбетте, қуанамыз. Ал соңғы технологияны жастар тез меңгеріп алады. Алайда, көзкөрген, тәжірибелі маман ретінде білгенімді үйретуден жалыққан емеспін», – дейді Райхан.

Бекет ғимаратының жылу жүйесі автономды орталықтандырылған. Электр желісі арқылы жылытылады. Ал карантин кезінде Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінен қажетті медициналық препараттар мен бұйымдар үзіліссіз, уақытында және молынан жеткізіліп отырыпты. Әр бұрышта антисептиктер тұр. Қызметкерлер бетпердемен жүреді. Арнайы киімдермен толық қамтылған.

*Суретті түсірген автор*

## Қауіпсіздік

# БЕЙНЕКАМЕРАЛАРДЫ КӨБЕЙТУ ҚАЖЕТ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

**Өткен жылы Ақтөбе бөлімшесі аумағында локомотив бригадалары жедел тежегішті 70 рет қолданып, шұғыл тоқтауға мәжбүр болды. Биылдың өзінде мұндай жағдай 11 рет тіркелген. Теміржол аймағындағы жазатайым оқиғалар мен пойыздардың жедел тоқтауы, сондай-ақ темір жол көлігі объектілеріндегі жарақат алу фактілері азаяр емес.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Станция басшылары мен теміржол бойындағы қауіпсіздікке жауапты тәртіп сақшылары қоғамдық тәртіпті әлі де жетілдіру, сақтық шараларын күшейту тақырыбында дөңгелек үстел басында тағы кездесті.

Теміржол – қашаннан аса қауіпті аймақ. Мыңдаған тонна жүк тиеп алып жүйткіген пойыз жолы стратегиялық аймақ ретінде қатаң бақылауда. Темір жол көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, темір жол объектілерінде жазатайым оқиғалардың алдын алу жұмыстары әрқашан назарда. Жылжымалы құрамдағы жүктерді діттеген жеріне шашау шығармай жеткізу – осы саладағы бірнеше мекеменің қоян-қолтық жұмысының нәтижесінде атқарылатыны да белгілі.

«Кез келген елде темір жол бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – маңызды бағыттардың бірі. Ұлттық компания әр аптаның 24 сағат, 7 күнінде қауіпсіздік саласына барынша көңіл бөліп келеді. Бүгінгі заманда қарқынды дамушы, нарық талаптарына тез бейімделетін компанияның тәуекелін басқарып, оны жетілдіру – өте өзекті мәселе», – деді Ақтөбе станциясының бастығы Нұрлан Ермағамбетов.

Тәртіп сақшылары теміржол аймағында орналасқан елді мекендер тұсына көпір салу мәселесі әлі күнге дейін өзекті екенін жеткізді. Жергілікті билікке теміржолшылар тарапынан бірнеше рет ұсыныстар түскен. Арнайы жолдың болмауынан адамдардың темір жолдың кез келген жерінен өтуіне әкеліп соғатыны айтылды.

2020 жылдың есеп беру мерзімінде тәртіп сақшылары темір жол бойында 531 заң бұзушылыққа қатысты арыз-шағым тіркеді. Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін бұзғандар ҚР ӘҚБтК-нің 559-бабымен әкімшілік жазаға тартылып жатыр. Десек те, заң бұзушылық азаяр емес.

«Бөгде адамдардың және малдың темір жол бойында болуы салдарынан 2020 жылы локомотив бригадаларымен жедел тежегішті қолданудың 70 дерегі тіркелді. Қазіргі таңда жыл басынан бері 11 дерек тіркелді. Криминогенді ахуалды саралағанда, қала аймағында темір жолды белгіленбеген жерден өту «Ақтөбе-Жіңішке» станциясы аумағында жиі тіркелген. Станцияларда малға қарсы қоршаулардың толық қамтамасыз етілмеуі малдың темір жол бойына шығып кетуіне себепші болып отыр», – деді Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің басшысы Айбек Бекжанов.

Теміржолшылар қала мен станцияларда орналасқан білім беру мекемелерінде «Темір жолдың адам өміріне қаупі» тақырыбында дәрістер, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қала маңындағы темір жол торабын адамдардың көп өтімді аймақтарында рейдтік іс-шараларды тұрақты өткізіп келеді. Десек те, теміржолшылар атқарылып жатқан жұмыстар нәтижелі болмай отырғанын және шынайы статистиканың әлдеқайда көп екенін алға тартты.

«Темір жол бойында орын алып отырған оқиғаларға себепші болып тұрған жағдайды реттеу үшін станциялар мен қала аймағын кесіп өтетін темір жолды қоршап, қажетті орындарда арнайы өткелдер құру қажет. Одан басқа заң бұзушылықтарды дәлелдеу мақсатында барлық тепловоздарды бейнетіркеу құралымен (видеорегистратор) қамтамасыз ету қажет. Себебі жедел-тежеу кезінде заңбұзушылықты дәлелдеу және машинист көмекшісінің қабылдаған шешімінің дұрыстығын анықтау оңай емес. Сонда полицияға да нақты шешім қабылдауға көп көмегі болар еді», – деді Айбек Бекжанов.

Қазіргі таңда Ақтөбе аймағында барлығы 236 бейнекамера бар. Оның 104-і теміржол вокзалында. Мамандар мәліметінше, бақылау камераларының жартысы істен шыққан. Тәртіп сақшылары жергілікті билікпен бірлесе Жайсаң, Жіңішке, Алға учаскелеріне бейнекамералар орнату кезек күттірмейтін мәселе болуы тиіс екенін айтты. Сонымен қатар, Жайсаң станциясы маңында жолдың екі бетінде 5000 халық тұратыны және ол жерде жүргіншілер көпірінің жоқтығына алаңдаушылық білдірді. Ақтөбе станциясының басшылары қауіпті жерлерді атады.

«Ақтөбе станциясының желілік полиция бөлімшесі қызметкерлерімен бірлесе жасалған жұмыстарымыз оң нәтиже береді деп ниеттенеміз. Дегенмен, сақтық шарасын алдын ала қолдану күтіп отырған нәтижеге жеткізу дегенмен бірдей. Былтыр толықтай іске қосылған Сельмаш автокөлік өткелінің асты бүгінде Ақтөбе-1 станциясы бойындағы тағы бір қауіпті аймақтың біріне айналып отыр. Бөгде адамдардың өмірін сақтау, теміржол көлігінің қатысумен болатын уақиғаларды болдырмауы мақсатында осы қауіпті аймақты жіті назарда ұстауымыз керек. Алдағы жоспарда жергілікті әкімшілікке хабарласып, қоршауды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді Ақтөбе жол дистанциясының басшысымен бірлесе отырып шешеміз деп ойлаймын», – дейді Ақтөбе станциясының бастығы Нұрлан Ермағамбетов.

*Суретті түсірген автор*

# БІРЕУГЕ ЖАН, БІРЕУГЕ МАЛ ҚАЙҒЫ...

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Сексеуіл станциясы

**Теміржол саласында қауіпсіздік шараларына жол бойында қараусыз жүрген төрт түліктің орасан зор кедергі келтіретіні – айта-айта жауыр болған тақырып. Теміржол бойында орналасқан елді мекендер мен мал шаруашылығын дамытып отырған азаматтар мал жайылымын заң талабына сай қашықтықта ұйымдастыру керек.**

Бірақ азаматтардың салғырттығы салдарынан мал басу дерегі жыл сайын көбеюде. Ағымдағы жыл басынан бері апаттық жағдайдың алдын алу үшін жүк және жолаушылар пойыздарының машинистері 3 мәрте шұғыл тежегіш басуға мәжбүр болған. Бәрінде мал қағу оқиғасы тіркелген. Қауіпті аймақта мал жаю ережесін бұзғандарға 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Дегенмен, әкімшілік жаза мұндай деректер санын азайтар емес. Тіпті мал иесін табу қиынға соғуда. Өйткені жолаушылар қауіпсіздігі үшін машинистерге смартфон ұстауға тыйым салынған. Сол себепті мал басу оқиғасы болғанда машинистер оны суретке де түсіре алмайды. Олар рация арқылы хабарлап, малды жолдан шығарып кете береді. Ал жол жөндеушілер келіп суретке түсіргенше мал иелері сырғалары мен ендерін кесіп алып, жауапкершіліктен құтылып кететін көрінеді.

Сексеуіл және Арал теңізі, Абай желілік полиция бөлімінің дерегіне сүйенсек, 2020 жылы 55 жолға мал шығу дерегі тіркеліп, оның тек 15-інде мал иелері анықталып, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 559-бабы I бөлігіне сай әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

– Пойыз жүргізу оңай емес. Ол қауіпті жағдай туындағанда тоқтап немесе жолдан бұрыла салмайды. Бірнеше мың тонна жүкті сүйреп сағатына 60-80 км жылдамдықпен келе жатқан пойыз жедел тежегішті қолданған жағдайда 600-800 метрге дейін жүріп барып тоқтайды. Малды соғудан бөлек, жылжымалы құрамға, рельске де зақым келеді. Тіптен, пойыздың жолдан шығуы немесе аударылу қаупі бар. Ірі қара малы түйе, жылқы пойыз астына түскенде тепловоз, жүк вагондары ауыр, ал жолаушылар пойызы вагоны жеңіл болғандықтан рельстен көтеріліп қайта түседі, егер қатты жылдамдықпен келе жатып, рельске қайта түспесе, орны толмас қайғылы оқиға орын алады. Бұл, біріншіден, жолаушылардың өміріне қауіп, екіншіден, теміржол саласына үлкен шығын. Сондықтан біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы, әрбір тұрғын осыны білгені абзал, – дейді Сексеуіл жол дистанциясының жол инженері Бауыржан Төлегенов



Теміржол қауіпсіздігі үшін арнайы салынатын қоршауларды жақын маңдағы елді мекен тұрғындары бұзып, малдарын өткізуге жағдай жасап қою фактілері де көптеп кездеседі екен. Бұл тек теміржолшылардың ғана емес, облыс пен елді мекен әкімдігін де алаңдатып отырған мәселенің бірі. Теміржол маңында тұратын елді мекендер мен шаруашылық иелеріне темір жолда жүру, мал жаю ережелері ұдайы түсіндіріліп, шаруашылықта жүрген бақташылар ескертпелерге таныстым деп қол қояды. Алайда, олар құжатқа қол қойғанмен малына ие болу, жолға шығып кетпеуін қадағалауға мән бермей, қауіп туындатады, жұмысты қиындатады. Мұндай жауапсыздықтың салдары қаннан қаперсіз сапарға шыққан жолаушылардың өміріне қауіпті екеніне мән бермейді.

– Жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында сексеуілдік жолшылар өздерінің кәсіби міндеттеріне қоса жол бойын малдан қоруды да қоса атқарады. Елді мекенді аралап мал жаю ережелерін түсіндірумен жыл он екі ай айналысамыз. Теміржол жоғары қауіптің көзі екенін еске саламыз және барша тұрғындарды қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды талап етеміз, – дейді сексеуілдік жолшылар атынан жол инженері Бауыржан Төлегенов.

*Суретті түсірген автор*

№14-15 (2622-2623) 30/03/2021

## ПРОВЕРКА НАДЕЖНОСТИ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

УЧЕНИЯ

**В Достыкском эксплуатационном вагонном депо проведено детальное обследование пожарной безопасности.**

Проверка проводилась совместно с территориальными органами ДЧС. Так, в ходе тактического учения были отработаны мероприятия по тушению пожара и эвакуации работников из административного здания, выработан алгоритм действий всех причастных, дежурного персонала, отработаны навыки по тушению пожара, а также оценена физическая подготовка и морально-волевые качества работников депо.

В процессе обследования всех объектов были проверены пожарные щиты, наличие песка и воды в ящиках и бочках, укомплектованность пожарных щитов, работоспособность пожарных гидрантов и пожарных кранов, огнетушителей, перебмотаны все пожарные рукава.

Все эти меры направлены на то, чтобы не было неисправностей в системах пожарной сигнализации, в противопожарном водоснабжении и нарушения противопожарного режима. И хотя для обеспечения пожарной безопасности во всех предприятиях проводится профилактическая работа (утилизируются отработанные шпалы, проводится санитарная очистка и противопожарная опашка вдоль железнодорожного полотна), еще имеется сухостой, который может создать пожароопасную ситуацию. А это недопустимо.

– Даже самая мелкая на взгляд погрешность может стать причиной возгорания и иметь тяжелые последствия, стоит об этом помнить, – говорит главный инженер Достыкского эксплуатационного вагонного депо Тойлыбек Дакежанов.

## Безопасность

# ИСКЛЮЧИТЬ ПОВРЕЖДЕНИЕ ДЕТАЛЕЙ

**В Екибастузском эксплуатационном вагонном депо подвели итоги четырехмесячника «Контроль боковой рамы», который стартовал с ноября прошлого года.**

**Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар



Осмотрщики вагонов и осмотрщики-ремонтники вагонов ПТО при техническом обслуживании вагонов в поездах во время подготовки транспорта под погрузку особое внимание уделяли состоянию буксовых проемов боковых рам и наличию следов сварки или наплавки в опорной поверхности буксового проема. Кроме этого, в ходе ремонта грузовых вагонов железнодорожники проводили осмотр литых деталей тележек на наличие трещин и других дефектов в труднодоступных местах. Это расположение технологического отверстия, зоны «А» внутреннего радиуса R-55 и «Б» над буксовым проемом.

За четыре месяца в ВЧД-16 при техническом обслуживании железнодорожниками отцеплено тринадцать вагонов из-за неисправностей. Они подтверждены и при дефектоскопировании в вагоноремонтных предприятиях.

Самое главное – это обеспечение безопасности движения поездов, исключить случаи излома литых деталей тележек грузовых вагонов. Для работников пунктов технического обслуживания, контрольных постов безопасности проводятся занятия по методам выявления неисправностей, рассказали в ВЧД-16.

Осмотрщики вагонов пункта технического обслуживания станции Екибастуз М. Калкаманов, И. Омаров, Б. Курмашев, С. Айтбеков, М. Байдильдин, М. Нурсагатов, Н. Ахметов, Е. Ищанов, М. Махметов и станции Павлодар Д. Алинов, выявившие дефекты боковых рам, предотвратили случаи подачи на магистральную сеть вагонов, угрожающих безопасности движения. Все они представлены к поощрению за проявленный профессионализм и оперативность.

# НАСТРОЙ НА БОЛЬШУЮ РАБОТУ

ИНФРАСТРУКТУРА

**Внедрение микропроцессорной системы диспетчерской централизации, запуск АСУ-Ш, установка на светофорах светодиодных модулей – такие работы в текущем году продолжат на Защитинской дистанции сигнализации и связи по линии СЦБ. Они направлены на улучшения качества работы устройств и, как следствие, повышение уровня безопасности на железной дороге.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Заместитель начальника Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28) по СЦБ Асет Омирханов рассказал, что в этом году у них очень много планов. В первую очередь, это запуск микропроцессорной системы диспетчерской централизации – МП АСДЦ. Она необходима для контроля диспетчеров в Алматы за поездной обстановкой в Восточно-Казахстанском регионе. Эту систему в ШЧ-28 планируется запустить примерно в июне-июле текущего года.

– Сейчас ведем монтажные работы во главе с начальником участка, старшими электромеханиками. На участке от Казиевки до Шемонаихи полностью произвели монтажные работы. Готовы монтажные провода, кабели, – говорит Асет Омирханов. – На участке от Коршуново до Риддера такие же работы готовы примерно на 80%, от станции Оскемен-1 до станции Алтай выполнены почти на 60%.

Для запуска системы летом текущего года в Восточный Казахстан приедут разработчики МП АСДЦ из Актобе. Сейчас ожидается поставка материалов для дальнейшего запуска системы, будут устанавливаться шкафы.

– Таким образом, будет установлен диспетчерский контроль по всему Восточно-Казахстанскому участку. Семей, Уштобе, Актогай – на этом южном узле Восточного Казахстана систему уже установили, теперь она внедряется в нашем регионе, – говорит Асет Омирханов. – Мы проводим все подготовительные работы. Каждый день с дистанциями сигнализации и связи по всему Казахстану проходят селекторные совещания, на которых руководство департамента автоматики, телемеханики АО «НК «ҚТЖ» уточняет, какие работы уже выполнены. У нас есть производственный план – дорожная карта, где все расписано, сроки намечены: по утверждению принципиальных монтажных схем, составлению дополнений о порядке пользования устройств СЦБ. Поэтапно система МП АСДЦ вводится по всему Казахстану. В дальнейшем все диспетчеры будут находиться в Алматы и видеть поездную обстановку по всему участку.



Также на Защитинской дистанции сигнализации и связи проводятся работы по дальнейшему внедрению комплексной автоматизированной системы управления хозяйством сигнализации, централизации и блокировки АСУ-Ш. Информация обо всех работах ШЧ-28 (графиковых, плановых, по техобслуживанию) заносится в компьютер, а на каждую станцию вводятся электронные паспорта.

– Проще говоря, если открыть паспорт любой станции в компьютере, то там высветится вся информация: в каком году сдана в эксплуатацию, какого класса, сколько имеет путей, стрелок и светофоров, – продолжает Асет Омирханов. – Такая работа для нас новая, и мы ее тоже проводим. Ежедневно по каждому прибору РТУ (а у нас на дистанции их около 40 тысяч) мы заносим информацию в АСУ-Ш. Это сведения о заводском номере, дате поверки, периодичности проверки, через эту систему ведется полный контроль приборов. Его ведут как наши старшие электромеханики, КИП СЦБ, начальник РТУ, так и в Нур-Султане тоже видят, сколько у нас приборов, когда они будут меняться, кто именно их заменил.

По словам Асета Омирханова, система АСУ-Ш также будет внедряться по дистанциям сигнализации и связи всего Казахстана. На главных ходах она работает давно, теперь в нашем регионе внедрение происходит в Семее, Аягозе, Усть-Каменогорске. На каждый день в ШЧ-28 намечен график техпроцесса, который выполняет вся линия. Раньше такую информацию, которая находится в АСУ-Ш, передавали только диспетчеру связи, сейчас же ее ежедневно заносит в компьютер сменный диспетчер связи по докладу электромехаников, старших электромехаников. В системе АСУ-Ш можно увидеть, какая работа выполнена в установленные сроки, а какая нет, есть ли повреждения, отказы устройств. Система АСУ-Ш сама высчитывает, сколько штрафных баллов, задержек поездов из-за повреждений устройств.

– Кроме того, мы еще дополнительно в 2020 году установили два модульных контейнера по станциям Казиевка и Ермаковка, а наши работники на базе дистанции полностью всю аппаратуру своими руками монтировали: каждый контакт чистили, каждую колодку. Проверяли, монтаж, увязывали. Для Казиевки сделали с нуля два релейных статива, по станции Ермаковка три, – говорит Асет Омирханов.

Раньше у электромехаников этих станций не было нормальных условий для работы: релейные помещения, где находились стативы, маленькие. Некуда было поставить рабочий стол, не говоря уже об аппаратуре для МП АСДЦ, которую там со временем тоже разместят. В этом году по планам Защитинской дистанции сигнализации и связи выделят еще три таких модульных контейнера для станций Коршуново, Заводинка и Селезневка. Сейчас ведутся монтажные работы по подготовке релейных стативов. Для станции Заводинка три релейных статива готовы на 100%.

Помимо этого, сейчас на Защитинской дистанции сигнализации и связи меняют «светофорные» лампы на светодиодные модули, что повышает безопасность движения поездов и экономит средства. Если лампы на светофорах приходилось менять раз в квартал, то светодиодные модули служат более 15 лет.

В конце года получили 161 светодиодный модуль, их уже установили по всем станциям. Ранее лампочки на светофорах менялись в определенной периодичностью, согласно инструкции №684. Эту работу наши электромеханики уже делать не будут. Один раз заменили, все напряжение на нем отрегулировали, и уже будет стопроцентная видимость. К слову, участок очень сложный: гористая местность. На каждый светофор, согласно ПТЭ, должна быть своя видимость. На днях поступило еще около 100 штук светодиодных модулей. Они проходят первичный контроль в КИПе согласно инструкции, далее будет замена ламп на светофорах.

По словам Асета Омирханова, полученного ими количества светодиодных модулей не хватит, и на текущий год они ожидают дальнейшее поступление. В целом же, замена ламп на светофорах светодиодными модулями происходит по всему Казахстану и входит в специальную программу.

На Защитинской дистанции сигнализации и связи также ведется внедрение программы АРМ ВТД – автоматизированного рабочего места технической документации. Все принципиальные монтажные схемы ШЧ-28 переводят в электронный формат, заносят в компьютер.

– Мы уже все полностью перевели на электронный вариант, – говорит Асет Омирханов. – Сейчас работа находится на стадии проверки руководителями, лабораторией. Все схемы, которые уже с 1950-х годов у нас используются, будут полностью обновляться.

> **ЗАПУСК МИКРОПРОЦЕССОРНОЙ СИСТЕМЫ ДИСПЕТЧЕРСКОЙ ЦЕНТРАЛИЗАЦИИ – МП АСДЦ ПОЗВОЛИТ УСТАНОВИТЬ ДИСПЕТЧЕРСКИЙ КОНТРОЛЬ ПО ВСЕМУ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМУ УЧАСТКУ. СЕМЕЙ, УШТОБЕ, АКТОГАЙ – НА ЭТОМ ЮЖНОМ УЗЛЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА СИСТЕМУ УЖЕ УСТАНОВИЛИ.**

*Фото Асета ОМИРХАНОВА*

## ОТ СЛОВ К ДЕЛУ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

СОЦИУМ

**Январская встреча коллектива филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» с депутатом Сената от Карагандинской области, членом Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Рыскали Абдикеровым дала свои плоды.**

Тогда железнодорожники высказывались по поводу нерегулярного движения общественного транспорта в районе станции Караганда-Сортировочная. И вот «лед тронулся».

В настоящее время разрабатывается проект по внедрению нового маршрута внутригородского электропоезда – от центрального железнодорожного вокзала до станции Караганда-Сортировочная. Это значительно сократит время и разгрузит пассажиропоток. При этом, стоимость билета в электричке составит не более 80 тенге, сообщили в Центре урбанистики Караганды.

Предположительно, сначала будут курсировать две электрички – одна в сторону Сортировки, другая – в Караганду. Электричка сможет вмещать до 500 пассажиров, а автобус только 100. Расчетное время поездки из Сортировки до центра будет составлять примерно 40 минут, а из Майкудука всего 15.

При разработке проекта был использован многолетний опыт других городов со схожей инфраструктурой. Проект пока находится в разработке и будет предварительно воплощен в жизнь весной или летом текущего года.

## ДОСТУПНО О ВАЖНОМ

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

ПРОФСОЮЗ

**Работникам филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» во время разъяснительной беседы с представителем столичного филиала АО «ЕНПФ» рассказали об изменениях в пенсионной системе и порядке осуществления единовременных выплат.**

Во время встречи с железнодорожниками главный специалист отдела выездного обслуживания филиала АО «ЕНПФ» в городе Нур-Султан Акан Курмангалиев сообщил, что с января 2021 года вступили в силу законодательные нормы, предоставляющие гражданам право использования части своих пенсионных накоплений не только для улучшения жилищных условий или оплаты лечения, но и для передачи в инвестиционное управление управляющим компаниям.

Работников филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» интересовали вопросы получения электронных услуг, расчета размера пенсионных выплат, а также возможности отслеживания своих пенсионных накоплений. На каждый из них они получили исчерпывающие ответы.

– Цель таких информационно-разъяснительных встреч – повышение финансово-правовой грамотности населения, – отметил Акан Курмангалиев.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Кәсіподақтың Батыс филиалының төрағасы Ғабит Зейнуллаұлы Садықовқа әйелі

**Құттыбике Мырзағұлқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы мен еңбек ұжымы Магистральдық желі дирекциясының Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры Руслан Сәбитұлы Қожахметовтің анасы

**Қожахметова Бағила Диханбайқызының**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## «ЖЕҢІС» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

ТАҒЗЫМ

**Маңғыстауда былтыр бастау алған «Жеңіс» жобасы әлі де жалғасуда. Наурыз мейрамына орай үлкендерге көрісе барған теміржолшы жастар ардагерлерге арнайы сый-сияпат жасады.**

Жобаны Ақтау қаласы және аудандар бойынша жүзеге асырып жүрген теміржолшы еріктілер Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне азық-түлік пен шаңсорғыш, термос, электрлі шәйнек, самаурын, қысқатолқынды пеш сияқты күнделікті тұтынатын тұрмыстық техника алып барды.

– Ардагерлерімізге не керек, қандай қажеттілігі бар, бәрін алдын ала сұрап, біліп алғанбыз. Нақты сол нәрселерді алдық. Жобаны біз облыс орталығы мен аудандарда жүргізудеміз. Жаңаөзендегі ардагерлерімізді сол жақтағы әріптестеріміз




қамтуда. Жоба былтыр карантин кезі, наурыз айында қарттарға қиын-қыстау уақытта басталған еді. Осы жылдың ақпан айында аяқталуы керек болатын. Бірақ әлі де жалғасып жатыр. Енді ата-әжелерімізге үй және шаруашылық жұмыстар жағынан көмектесуді жоспарлап отырмыз. Себебі көбі жалғыз тұрады, – дейді жобаның үйлестірушісі, вагон қараушы Қуатбек Көпбаев.

Атап кетсек, жоба жүзеге асқалы маңғыстаулық теміржолшы жастардан құралған ерікті жасақ мекеме басшыларының қолдауымен біраз ардагердің қажетін өтеуге атсалысты. Өңіріміздегі қала мен аудандарда тұратын ҰОС қатысушылары мен тылда еңбек еткен қарттарымызға азық-түлік, денсаулығына қажетті қан қысымын өлшейтін танометр сияқты құрылғылар мен үй шаруашылығына қолданатын техникалар жеткізіп берді. Ардагерлердің сұранысына орай басқа да жұмыстарына қолғабыс етті.

Жалпы, жоба аясында жүзден астам тыл және он соғыс ардагеріне көмек көрсетілді.

*Суретті түсірген автор*



## БЕС БАҒЫТТЫ ҚАМТЫДЫ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Нұр-Сұлтан

КӘСІПОДАҚ

**ҚР Кәсіподақтар федерациясында «30 Еңбек Елшісі» республикалық жобасының жеңімпаздары анықталды. Олардың арасында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Алматы ЖТ бөлімшесіне қарасты Достық станциясының Жүктерді орналастыру, бекіту мен сұлбаларды әзірлеу, қарастыру зертханасының бастығы Данияр Бимашев бар.**

Жалпы жобаға Қазақстанның 12 аймағынан 15 салалық кәсіподақ өкілдері қатысып, 196 өтініштен 156-сы іріктеліпті. Жоба бірнеше кезеңнен тұрған. Іріктеу кезеңі, оқыту, 5 бағыт бойынша жұмыс. Қатысушылардан өтініштер kasipodaq.kz сайтында орналастырылған өтініш формасына сәйкес ағымдағы жылдың 10-26 ақпан аралығында қабылданды. Сараптау комиссиясы шешімімен биыл 3 наурыз күні іріктеу кезеңінің жеңімпаздары 35 жасқа дейінгі кәсіподақтың 30 мүшесі болды. Жоба бес бағыт бойынша жүзеге асырылды: лайықты еңбек жағдайы, үлгілі жұмыс орындары, құқықтық сауаттылық, soft-skills дамыту және кәсіподақ ұйымдастырушысы. Жеңімпаздар қатарында әртүрлі мамандық иелері бар. Оларды атап айтқанда, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және ақпарат, шағын және орта бизнес, атом өнеркәсібі, энергетика, теміржол, автомобиль және су көлігі, мемлекеттік және банк мекемелері, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, орман шаруашылығы, металлургия және машина жасау, мұнай-газ, көмір және химия өнеркәсібі салаларының жас мамандары.

Осы жобада теміржол саласынан жеңімпаз болған Данияр Бимашев жоба туралы естіген бойда оған қатысуға бел буады. Бірақ жеңімпаз боламын деп ойламапты.

– Жоба шарты бойынша қатысушының жасы 18-35 жас аралығында болу керек. Қызметінде немесе кәсіподақ жұмысында нақты жетістіктері болу қажет. Елдегі кәсіподақ ісінің дамуы туралы ұсыныстарын айтуы тиіс. Мен кәсіподақ жұмысының кейбір бағыттарын жаңарту керек деп ұсыныс айттым, себебі кейбіреулер кәсіподақтың немен айналысатынын, сайттары қандай екенін білмейді. Сонымен қатар жобаға ҚТЖ-да «100 жас есім» жобасы аясында модульдік оқыту кезінде алған сертификаттарымды жолдадым. Оқыған курстарымды жаздым. Солардың арқасында жеңімпаз атанған болармын, – дейді Д. Бимашев.

*Суретті түсірген автор*

## ОСОБЕННОЕ ВНИМАНИЕ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

**На днях директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марлен Кокрекбаев и региональный представитель по делам молодежи Мади Абенов посетили Центр развития детей с диагнозом ДЦП.**

Гостей-железнодорожников с нетерпением ожидали мамы детей, имеющих не только диагноз ДЦП, но синдромы Дауна, тугоухость, задержку в физическом развитии.

– Для нас очень важно поддерживать связь с семьями, у которых подрастают особенные дети, – отметил Марлен Кокрекбаев. – Нам известны чаяния и проблемы мам и пап, воспитывающих малышей с определенными физическими потребностями, и мы всегда готовы оказывать им поддержку.

На сегодняшний день родители арендуют два кабинета – один зал для ЛФК, а второй для разработки моторики. Здесь занимается около 80 детей. Комнаты оснащены силами родителей и их друзей. Кто-то разрисовал стены, кто-то принес кушетку и спортивное снаряжение, то есть каждый постарался внести свою лепту в оформление арендуемых помещений.

В настоящее время с детьми занимаются специалисты, и это достаточно затратная процедура. Приходится приглашать людей из других городов, арендовать жилье, оплачивать им дорогу и дорогостоящее лечение. Силами неравнодушных казахстанцев, в том числе сотрудников железной дороги, ситуация более-менее разрешена.

Несмотря на каждодневные трудности, с которыми приходится сталкиваться мамам особенных детей, они не унывают и называют своих малышей детками с безграничными возможностями и благодарят всех, кто оказывает им материальную помощь.

В центр развития детей представители ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» приехали не с пустыми руками. Они вручили мамам малышей 80 рюкзаков со сладостями. Встреча руководства филиала и родителей прошла на позитивной волне.

Марлен Кокрекбаев отметил, что это не последний визит, и связь с Центром будет поддерживаться на регулярной основе.



## ВСТРЕЧА НА КОЛЕСАХ

ПРОФИЛАКТИКА

**Пассажиры поезда №85/86 сообщением Нур-Султан – Сарыагаш в рамках акции «Встреча на колесах» поделились мнением о сервисе в поездах и безопасности в пути.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Проводники состава совместно с сотрудниками линейного отделения полиции на станции Нур-Султан довели до пассажиров основные принципы соблюдения правопорядка в поездах, подчеркнув, что, согласно КоАП РК, проводники не несут ответственность за сохранность вещей пассажиров.

Документы, деньги, мобильные телефоны, портмоне и другие ценные вещи нужно хранить при себе, отмечалось во время «Встречи на колесах».

В свою очередь, пассажиры получили возможность поделиться своими впечатлениями о безопасности в пути и на железнодорожных вокзалах.

– В непринужденной обстановке они высказали пожелания по улучшению сервиса, работе полиции и получили ответы на все интересовавшие их вопросы. Также оказалось немало тех, кто выразил сотрудникам КТЖ и полицейским благодарность, – отметил заместитель начальника ЛУП на железнодорожном вокзале столицы майор полиции Максат Шахаров.

*Фото автора*

## ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҒЫ НАСИХАТТАЛУДА

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ЖАСТАР САЯСАТЫ

**Қандыағаш локомотив пайдалану деposының жастары «30 Еңбек Елшісі» республикалық әлеуметтік жобасына үн қосып, еңбек құндылығын насихаттауда. Депода биыл ресми ашылған «Жастар ұйымы» белсенділігімен танылуда.**

Мекеме кәсіподағы қала аумағында өтетін әртүрлі акцияларға мұрындық болатын бастамашыл топтың қатарында. «Депода 2009 жылдан жұмыс жасаймын. Машинист нұсқаушысымын. 2020 жылы кәсіподақ ұйымының жетекшісі етіп сайлады. Қызметіммен қатар осы жұмысты жүргіземін. Никельтау, Әйтеке би айналым депосында хоккейден жарыс өткіздік. Қарттар мен көпбалалы аналар әрдайым назарымызда. Мерекелерде азық-түлік пакеттерін таратамыз. Депоның тыл ардагерлеріне тұрмыстық техникалар мен медициналық аппараттар сыйладық», – дейді Алмас Бейсауытов.

Теміржолшы жастар әрбір көмекті әлеуметтік-экономикалық өркендеу деп біледі.

«Өткен айда мүгедектігі бар теміржолшының, тағы бірқатар көмекке мұқтаж отбасының ауласының қарын тазалап бердік. «30 Еңбек Елшісі» жабасы аясында игі іске үндеген бірнеше акция өткізілді. Мақсатымыз – теміржолшы жастарды еріктілік жұмыстарға тарту, жол көрсету, жастар мүддесін қорғау, әлеуметтік сұрақтарын шешу. Ұжым ұйымшыл. Әрдайым қолдау білдіріп отырады. Депо басшысы үнемі қолдап, дұрыс бағыт береді», – дейді машинист нұсқаушысы Ақтілек Жиенбаев.

Теміржол саласында алты жылдай еңбек еткен жас маман биыл машинист нұсқаушысы болды, қазір деподағы жастар ісін жүргізіп жүр. Болашақта локомотив пайдалану депосы атынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның арнайы белгілерімен қалааралық автобусты бір күнге жалдап, тегін жүргізуді челлендж ретінде әріптестеріне жолдауды жоспарлап отыр.

## ЛУЧШЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ «ОНЛАЙН»

КОНКУРС

**В Усть-Каменогорске подвели итоги конкурса на лучшее поздравление к празднику весеннего равноденствия. Он был организован ОО «Казпрофтранс» и проводился в режиме «онлайн» на странице Instagram.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Около десятка железнодорожников представили свои праздничные поздравления: как единичные, так и от предприятий. Кто-то из участников пел песни, читал стихи, а кто-то пел под домбру, показал концертную программу.

По итогам конкурса жюри, членами которого стали председатели профкомов предприятий Восточно-Казахстанского региона, решили, что дипломом «Приз зрительских симпатий» нужно наградить работника Защитинской дистанции сигнализации и связи по станции Кумыстау Медетхана Дарына. Диплом за третье место вручат работнице Серебрянской дистанции пути Наталье Беликовой, которая искренне и задушевно поздравила всех с Наурызом, исполнив вместе с коллегами праздничную песню в национальных костюмах. Дипломом за второе место наградили электромеханика по радиосвязи Сунгата Мажренова из ТОО «СпецСервис–Құрылыс». Его поздравление было одним из самых запоминающихся: после устных приветствий и пожеланий от Сунгата коллектив предприятия исполнил зажигательный танец қара жорға.



Наконец, диплом за первое место получит вагонный мастер Оскеменского эксплуатационного вагонного депо ПТО по станции Бухтарма Сабыржан Калитов. Он и его коллеги поздравили всех с праздником за дастарханом в национальных традициях, исполнили песни под домбру, а в своем клипе к поздравлениям показали красоту родного края, будни и праздники предприятия.

Кстати, кроме дипломов все победители получат денежные сертификаты.

*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздыбаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.